

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы

Колледждің педагогикалық
кеңесінің шешімімен қаралып бекітілді
№4 хаттама. 13 қаңтар 2023ж.
Педагогикалық кеңестің төрайымы
_____ У.Кенжебаева



**«ТАРАЗ ТЕМІРЖОЛ КӨЛІК ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ КОЛЛЕДЖІ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ ШЕҢБЕРІНДЕ
ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету
департаменті мемлекеттік мекемесіне ұсынылған уақыт
13 қаңтар 2023ж.

Тараз- 2023ж

Мазмұны

	бет
1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы	3
2. Кадрлық құрамға талдау	5
3. Білім алушылар контингенті	11
4. Оқу-әдістемелік жұмыс	19
5. Оқу-материалдық активтер	66
6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор	68
7. Білім алушылардың білімін бағалау	72
8. Білім беру процессіне қатысушылардың және басқа респондеттердің сауалнамасы	75
9. Кемшіліктер мен ескертулер, олардың шешу жолдары	96
10. Қорытындылар мен ұсыныстар	97

1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі»КМҚК өз қызметін заңды және құрылтай құжаттары негізінде жүзеге асырады:

1. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік **(1.1-қосымшасы)**.

2. Колледж жарғысы **(1.2-Қосымша)**.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Жамбыл облысы бойынша Білім саласындағы бақылау департаментімен 31.01.2019 жылы берілген № KZ52LAA00013912 мемлекеттік лицензиясы **(1.3-Қосымша)**

Лицензияның қолданылу мерзімі шектеусіз, келесі мамандықтар бойынша жарамды:

№	Мамандық коды	Мамандық атауы		Біліктілік коды	Біліктілік атауы
1	07140700	Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару	1	3W07140702	Сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау құрылғыларына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электромонтер
			2	4S07140703	Техник-электромеханик
2	07150300	Токарлық іс (түрлерібойынша)	3	3W07150301	Токарь
			4	3W07150302	Фрезерлеуші
			5	4S07150304	Техник-технолог
3	07150500	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	6	3W07150501	Электргазымен дәнекерлеуші
4	07160500	Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету	7	3W07160501	Локомотив машинисының көмекшісі (түрлері бойынша)
			8	3W07160502	Локомотивті жөндеу жөніндегі слесарі (түрлері бойынша)
			9	4S07160503	Техник-электромеханик
5	07160600	Темір жолдың вагондар мен рефрижераторлы жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету	10	3W07160601	Вагон жөндеу слесары
			11	4S 07160603	Техник-электромеханик
6	07221400	Жиһаз өндірісі	12	3W07221403	Жиһаз жинақтаушы
			13	3W07221405	Ағаш және жиһаз өндірісінің шебері
7	10130300	Тамақтандыруды ұйымдастыру	14	3W10130301	Кондитер-безендіруші
			15	3W10130302	Аспазшы
			16	4S10130303	Технолог
8	10320200	Төтенше жағдайда қорғау (салалар бойынша)	17	3W10320201	Құтқарушы
			18	4S10320205	Техник
9	10410200	Темір жолкөлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару	19	3W10410201	4-ші және 5-ші кластардың теміржол стансасының кезекшісі
			20	4S10410205	Тасымалдауды ұйымдастырушы технигі

Құрылтайшысы: "Жамбыл облысы әкімдігінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Меншік нысаны: коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын
Ұйымның БСН: 080240017540

Заңды мекен-жайы:

080016 Тараз қаласы Абай даңғылы 278

Телефондар: 8 (7262)46-44-17, 96-10-83

Факс: 8 (7262) 46-44-17

электрондық пошта pl/13_09@mail.kz

веб-сайт <https://tzhk.edu.kz/>

Басшының Т. А. Ә.: Кенжебаева Улжан Каипбековна. Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының 2019 жылғы 4 маусымдағы №52 ж/қ-қ бұйрығы негізінде директор лауазымына тағайындалды **(1.4-қосымша)**

Колледж Білім беру қызметін 1930 жылдан бастап жүргізеді. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы негізінде бекітілген "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Ережелерді басшылыққа ала отырып, колледждің педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-тарауы 59-бабы 4-тармағын жүзеге асыру мақсатында Өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы шешім қабылданды **(1.5-қосымша)**.

Осы шешімді жүзеге асыру мақсатында колледж директорының бұйрығымен Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжін мемлекеттік аттестаттау шеңберінде колледждің өзін-өзі бағалауын өткізу жөніндегі комиссия құрылды **(1.6-қосымша)**.

2.Кадрлық құрамға талдау

Колледждің кадр саясаты стратегиялық мақсаттарға, саясатқа сәйкес келеді, заңнамалық актілерге, ішкі нормативтік құжаттарға, бекітілген рәсімдерге сәйкес жүзеге асырылады және оқытушылар мен қызметкерлерді басқарудың демократиялық тәсілі; басшы құрам мен басқарылатын ішкі жүйенің мүдделерін ұштастыру; басшылықтың қолжетімділігі; паритетті сақтау; педагогикалық құрам мен қызметкерлердің қызметін ынталандыру және т. б. сияқты қағидаттар шеңберінде жүзеге асырылады.

2.1.Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер:

2020-2021 оқу жылында педагог қызметкерлердің саны -61, оның ішінде тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтар – 28, жоғары арнайы білімі бар педагогтар– 25, кәсіптік білімі бар -8, оның ішінде 1- жатақхана тәрбиешісі, 7- өндірістік оқыту шебері қызмет жасады.

2021-2022 оқу жылында педагог қызметкерлердің саны -50, оның ішінде тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтар – 23, жоғары арнайы білімі бар педагогтар– 22, кәсіптік білімі бар -5, оның ішінде 1- жатақхана тәрбиешісі, 4- өндірістік оқыту шебері қызмет жасады.

2022-2023 оқу жылы педагог қызметкерлердің саны -56, оның ішінде тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтар– 26, жоғары арнайы білімі бар педагогтар–23, кәсіптік білімі бар -7, оның ішінде 1- жатақхана тәрбиешісі, 6- өндірістік оқыту шебері қызмет жасауда.

2.2 Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлері туралы мәліметтер:

2020-2021 оқу жылына оқытушылардың сандық құрамы 61 адамды құрайды. Педагогтердің жалпы санынан штаттық оқытушылардың үлесі -59(96,7%). Инженерлік-педагогикалық қызметкерлер (ИПК) жалпы санынан жоғары, бірінші санатты педагогтар, сарапшы-педагогтар, зерттеуші-педагогтар, шебер-педагогтардың саны(үлесі)- 28(45,9%), «Магистр» академиялық дәрежесі бар педагог саны -7(11,5%).

2021-2022 оқу жылына оқытушылардың сандық құрамы 50 адамды құрайды. Педагогтердің жалпы санынан штаттық оқытушылардың үлесі -49 (98%). Инженерлік-педагогикалық қызметкерлер (ИПК) жалпы санынан жоғары, бірінші санатты педагогтар, сарапшы-педагогтар, зерттеуші-педагогтар, шебер-педагогтардың саны(үлесі)- 27(54%), «Магистр» академиялық дәрежесі бар педагог саны -5(10%).

2021-2022 оқу жылына 16 қызметкер (оның ішінде 2 қызметкер қоса атқару қызметі бойынша еңбек етті) жұмыстан босатылды, оның ішінде: өз еркімен- 8, зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты-2, төмендегі мамандықтар бойынша өндірістік оқыту шеберлерінің қажеттіліктері болмауына байланысты барлығы 6 бірлік қысқартылды (1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығының жабылуына байланысты- 2, 1303000 « Автоматика, телемеханика және теміржол көлігіндегі қозғалысты басқару»-1 , 1203000 «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару»- 1, 1108000 «Теміржол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»- 2).

2022-2023 оқу жылына оқытушылардың сандық құрамы 56 адамды құрайды. Педагогтердің жалпы санынан штаттық оқытушылардың үлесі -54 (96,4%). Инженерлік-педагогикалық қызметкерлер (ИПК) жалпы санынан жоғары, бірінші санатты педагогтар, сарапшы-педагогтар, зерттеуші-педагогтар, шебер-педагогтардың саны(үлесі)- 23(41,8%), «Магистр» академиялық дәрежесі бар педагог саны -6(10,7%).

2022-2023 оқу жылына студенттер контингентінің көбеюіне байланысты «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және

ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына сәйкес жалпы білім беру пәндері бойынша 8 -оқытушы, 3- өндірістік-оқыту шебері және 2- арнайы пән оқытушысы(қоса атқару қызметі бойынша) жұмысқа қабылданды. **(2.1 қосымша)**

Кесте 1


Колледж бойынша ИПҚ сапалық құрамы туралы мәліметтер

№		саны	Оқу жылы		
			2020-2021	2021-2022	2022-2023
1	2	3	4	5	6
	Кадрлық әлеует				
1	ИПҚ саны	саны	61	50	56
2	оның ішінде: штаттық қызметкерлер	саны	59	49	54
3	- жоғары санат педагог-зерттеуші, педагог-шебер	Саны	17	17	15
4	- бірінші санат педагог-сарапшы	Саны	11	10	8
5	- екінші санат педагог-модератор	Саны	14	10	8
6	- өндірістік оқыту шеберлер саны	Саны	20	13	15
7	Базалық білімі жоқ	саны /%	-	-	-
8	Магистранттар	саны /%	7/11,4	5/10	6/10,7
9	Базалық білімі жоқ оқытушы	саны /%			
10	- 30 жасқа дейін	саны /%	12/19,6	7/14	13/23,2
11	- 30-40 жасқа дейін	саны /%	28/45,9	22/44	23/41
12	- 40-60жасқа дейін	саны /%	16/26,2	18/36	15/27,2
13	- 60 жастан асқан	саны /%	5/8,1	3/6	5/9,0

Оқытушылардың өтілі бойынша мәліметтер №2 кесте көрсетіледі.

Кесте 2

жылдары	5 жылға дейін	%	5-10 жылға дейін	%	10-15 жылға дейін	%	15 жылдан жоғары	%
2020-2021	15	24,5	15	24,5	17	28	14	23
2021-2022	6	12	10	20	18	36	16	32
2022-2023	14	26,5	11	20	16	27,3	15	28,5



2.3. Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткені туралы мәліметтер:

Стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және оқу-тәрбие процесінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін колледжде ИПҚ аттестаттау бойынша жүйелі жоспарлы жұмыс жүргізіледі. ИПҚ-ны аттестаттауға қажеттілік жыл сайынғы талдау негізінде айқындалады және аттестаттаудың перспективалық кестесін жасау кезінде ескеріледі. Аттестаттау іс-шаралары ИПҚ құзыреттілік деңгейін арттырудың және кәсіби қызметтің табыстылығын бағалаудың маңызды тетігі болып табылады.

Колледждің ИПҚ аттестаттаудың негізгі міндеттері: ИПҚ-ның біліктілік санаттарына сәйкестігін белгілеу; ИПҚ-ның әлеуетті мүмкіндіктерін қолдану перспективасын анықтау; қызметкерлердің кәсіптік құзыреттілік деңгейін мақсатты түрде арттыруды ынталандыру; қызметкерлердің біліктілігін арттыру, кәсіптік даярлау немесе қайта даярлау қажеттілігін айқындау; кадрлардың ұтымды қозғалысын қамтамасыз ету, кадр резервін қалыптастыру болып табылады. ИПҚ қызметін бағалау аттестаттау нәтижелері бойынша, колледж және қалалық кәсіби конкурстар мен іс-шараларға қатысу қорытындылары бойынша және жұмыс нәтижелілігінің басқа көрсеткіштері бойынша жүргізіледі.

Колледждің 01.09.2020ж.,01.09.2021ж.,01.09.2022ж.бекітілген штаттық кестесіне сәйкес әкімшілік-шаруашылық персонал қызметкерлерінің тарифтік тізімінде директор-1, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары-1, директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары-1, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары -1, директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары-1бірлік қарастырылған. Директор, У.Кенжебаева (05.06.2019ж.), директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Адилбаев (08.09.2019ж.) басшылық қызметте 3 жылдан астам. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 01 желтоқсандағы №15-03/1635-И хатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты аттестатталушының ағымдағы жылы (тамыз-желтоқсан) біліктілік бағалаудан өтуі тиіс аттестаттау кезеңі 2023 қаңтар-мамырға ауыстырылды. **(2.2 қосымша)**

Директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Ж.Тайбеков осы қызметте 11.01.2021 жылдан бері (үш жылда бір рет аттестаттаудан өтетін мерзімге жеткен жоқ).

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Мухатаева Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы аттестаттау комиссиясының шешіміне сәйкес 2021 жылғы 24 желтоқсан № 670-ө бұйрығымен бірінші санатты біліктілік санаты берілді. Директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары, Г.Жанқуанышева осы қызметте 20.10.2020 жылдан бері (үш жылда бір рет аттестаттаудан өтетін мерзімге жеткен жоқ).

2.4. Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін жоғарылату/растау туралы, оның ішінде магистр дәрежесі, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар педагогтер туралы мәліметтер:

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін жоғарлату талабын орындау мақсатында әрбір оқу жылының басында аттестациялық комиссия құрамы бекітіледі. Колледждің аттестациялық комиссия отырысында оқытушылардың өтініші және біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы есептері қарастырылады және тиісті санатты белгілеу және растау бағытындағы жұмыс қорытындыларына талдама жасалады. Комиссия оқытушылардың портфолиосын мұқият қарайды және әрбір санат бойынша талаптарға сай жиналған материалдардың дұрыстығын тексереді. Аттестаттаудан өтетін оқытушыларға аттестациялық комиссия педагог-модератор біліктілік санатты беру туралы шешімді объективті қабылдайды, ал педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші біліктілік санатына иеленушілерді облыстық аттестациялық комиссияға ұсынады. Оқытушыларға біліктілік санаттарын беру және көтеру мақсатында аттестациялық комиссия құрылып, комиссия құрамы бұйрық бойынша бекітіледі. Оқу жылының ішінде бекітілген кестеге сәйкес аттестациялық комиссия отырыстары жүргізіліп, хаттамалары толтырылады. Оқытушыларға берілген біліктілік санаттары туралы бұйрықтар шығарылады.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы негізінде колледж оқытушыларына біліктілік санаты беріледі.

2020-2021 оқу жылында оқытушыларының біліктілік санатын көтеруге барлығы 9 оқытушы, оның ішінде жоғары санатты (педагог- зерттеуші) қайта бекітуге -2, мерзіміне сәйкес жоғары санатқа (педагог- зерттеуші) -3, мерзіміне сәйкес бірінші санатқа (педагог- сарапшы) – 3, екінші санатқа (педагог- модератор) -1 оқытушы өтініш берді.

Колледждің аттестаттау комиссиясының отырысында жоғары санатты (педагог-зерттеуші) қайта бекітуге -2, мерзіміне сәйкес жоғары санатқа (педагог- зерттеуші) -3, мерзіміне сәйкес бірінші санатқа (педагог- сарапшы) – 3 (оның ішінде «Магистр» академиялық дәрежесі бар педагог саны -1), екінші санатқа (педагог- модератор) -1 оқытушылардың құжаттары қарастырылып, колледж аттестаттау комиссиясының шешімі бойынша «Педагог- зерттеуші және «Педагог- сарапшы» санатқа өтініш берген оқытушылардың портфолиосы облыстық білім басқармасының біліктілік санаттарын беру (растау) жөніндегі комиссиясының отырысына жіберілді. Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының біліктілік санаттарын беру (растау) жөніндегі комиссиясының шешімімен 8 оқытушыға (оның ішінде «Магистр» академиялық дәрежесі бар педагог саны -1) тиісті біліктілік санаттары берілді, ал 2-санатқа (педагог-модератор) өтініш берген 1 оқытушыға колледждің біліктілік санаттарын беру (растау) жөніндегі комиссиясының шешімімен «Педагог- модератор» біліктілік санаты берілді.

2021-2022 оқу жылында оқытушыларының біліктілік санатын көтеруге барлығы 7 оқытушы, оның ішінде мерзіміне сәйкес педагог- зерттеушіге – 1, педагог- сарапшыға -5, педагог-модератор -1 оқытушы өтініш берді.

Колледждің аттестаттау комиссиясының отырысында мерзіміне сәйкес педагог-зерттеушіге – 1, педагог- сарапшыға -2, педагог- модератор -1 оқытушылардың құжаттары қарастырылып, колледж аттестаттау комиссиясының шешімі бойынша «Педагог- зерттеуші және «педагог- сарапшы» санатқа өтініш берген және ҰБТ-тен өткен оқытушылардың портфолиосы облыстық білім басқармасының біліктілік санаттарын беру (растау) жөніндегі комиссиясының отырысына жіберілді. Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының біліктілік санаттарын беру (растау) жөніндегі комиссиясының шешімімен 3 оқытушыға тиісті біліктілік санаттары берілді, ал 2-санатқа (педагог- модератор) өтініш берген 1 оқытушыға колледждің біліктілік санаттарын беру (растау) жөніндегі комиссиясының шешімімен «Педагог- модератор» біліктілік

санаты берілді. «Педагог- сарапшы» біліктілік санатын көтеруге өтініш берген 3 педагог ҰБТ-тен өтпеуіне және аттестаттаудан өту мерзімінің аяқталуына байланысты колледж аттестаттау комиссиясының шешіміне сәйкес «педагог» біліктілік санатына төмендетілді.

2022-2023 оқу жылында оқытушыларының біліктілік санатын көтеруге барлығы -19 оқытушы, оның ішінде мерзіміне сәйкес жоғарғы санатқа (педагог-зерттеуші)-1, жоғары санатты(педагог-зерттеуші) қайта бекітуге-6, мерзіміне сәйкес бірінші санатқа(педагог - сарапшы) -4(оның ішінде «Магистр» академиялық дәрежесі бар педагог саны -1), бірінші санатты (педагог -сарапшы) қайта бекітуге-2,екінші санатқа(педагог – модератор) -6 оқытушы өтініш берді.

2.5. Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер:


2020-2021 оқу жылында Басшы кадрларының тарапынан оқу үрдісті ұйымдастыру мақсатында біліктілікті арттыру курсы бойынша Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық академияның ұйымдастыруымен «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы менеджмент» тақырыбында директор оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Адилбаев біліктілік курсына қатысып, біліктілікті арттырды. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С: Мұхатаева «Талар» КЕАҚ ұйымдастырған «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының сапасын басқару» тақырыбында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының инженерлік – педагогикалық қызметкерлерін және басшыларын халықаралық талаптарға сәйкес біліктілігін арттыру курсынан өтті.

2021-2022оқу жылында колледж директоры У.Кенжебаева, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Адилбаев, директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Ж.Тайбеков, директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары Г.Жанкуанышева «Талар» КЕАҚ ұйымдастырған «Техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын трансформациялау процесіндегі басшының ролі: халықаралық тәжірибе» тақырыбы бойынша 135 академиялық сағат көлемінде басшылардың біліктілігін арттыратын курсынан өтті.

2022-2023 оқу жылы директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Ж.Тайбеков «Талар» КЕАҚ ұйымдастырған «Білім берудегі менеджмент» техникалық және кәсіптік , орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламасы бойынша курсты аяқтады.

Колледжде педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру біліктілікті жоғарылату есебінен қамтамасыз етіледі. Оқытушылардың кәсіби біліктілігі мен олардың білім беру технологияларын игеру сапасына жоғары талап қойылады.

Колледж оқытушылары біліктіліктерін оқу орындарынан тыс жерде арттырады: «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталық» АҚ, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығында, «TALAP» КЕАҚ және т.б.



2020-2021 оқу жылы -31 оқытушы, 2021-2022 оқу жылы 42 оқытушы, 2022 -2023 оқу жылының бірінші жарты жылдығында 6 оқытушы біліктілігін көтерген.

Педагогикалық қызметкерлер құрамын қалыптастыру және кадрларды таңдау нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады және оқытушылар диплом бойынша біліктілігіне сәйкес жұмыс атқарады.

2.6. Ұйымдарда және/немесе өндірісте тағылымдамадан өткен арнайы пәндер педагогтары мен өндірістік оқыту шеберлері туралы мәліметтер:

Колледж жұмыс тәжірибесінде жұмыс берушілермен және әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастықтың әртүрлі формалары қолданылады. Білім беру мазмұнын жетілдіру және білім беру процесін ұйымдастыру оқытушылардың өндірістік практикасы мен тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру және өткізу арқылы жүзеге асырылады. Колледж оқытушылары көрсетілген әлеуметтік серіктестер базасында тағылымдамадан өтуде: «ҚТЖ ҰҚ» АҚ ШЧ-36 байланыс және дистанция бөлімшесінің Жамбыл филиалы, «Қамқор-Локомотив» ЖШС Жамбыл жөндеу депосының филиалы», «Локомотив» АҚ Жамбыл пайдалану депосының филиалы», «Жамбыл-РемСервис» ЖШС», «ҚТЖ ҰҚ» «АҚ» ҚТЖ -жүк тасымалы «филиалы», ЖК «Аманбеков У» және тағы басқалары.

2020-2021 оқу жылы -15 арнайы пәндер педагогтары мен өндірістік оқыту шеберлері, 2021-2022 оқу жылы – 6 арнайы пәндер педагогтары мен өндірістік оқыту шеберлері тағылымдамадан өтті. 2022 -2023 оқу жылы 7 арнайы пәндер педагогтары мен өндірістік оқыту шеберлері тағылымдамадан өтуде.

Педагог кадрлармен жасақталғандағы туралы мәліметтер әдістемелік ұсынымдарға 15 қосымшаға сәйкес 2.1 қосымшасында ұсынылады. Бағаланатын кезеңдегі педагогтердің штаттық кестесі және тарифтеу тізімі 2.2- 2.3 қосымшасында ұсынылады.

3. Білім алушылар контингенті
Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:
3.1. оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар
контингенті туралы мәліметтер:

Контингентті жасақтау Тараз темір жол көлік және коммуникация колледжі қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Студенттердің контингентін қалыптастыру саясаты кәсіптік бағдар беру жұмыстарының нәтижесінде теміржол бағыты мамандығын саналы түрде таңдаған, колледжде оқуға барынша дайын адамдарды тарту болып табылады. Колледжге оқуға қабылдау Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Колледж Жарғысына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» (өзгертулер мен толықтырулармен) , сондай-ақ жыл сайын колледж директоры бекітетін «Тараз темір жол көлігі және коммуникация колледжіне оқуға қабылдау ережелеріне» сәйке жүргізіледі.

Кесте.1

Мамандық бойынша қабылдау, адам.

Күндізгі бөлім

Мамандық атауы	2020-2021		2021-2022		2022-2023	
	Мемлекеттік тапсырыс	Ақылы негізінде	Мемлекеттік тапсырыс	Ақылы негізінде	Мемлекеттік тапсырыс	Ақылы негізінде
0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»	0	17				
1108000 «Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» (түрлері бойынша)	20	26				
1109000 «Токарлық іс және металл өңдеу» (түрлері бойынша)	25					
1203000 «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару»	20					
1303000 «Темір жол көлігіндегі автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару»	20					
1403000 «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша)	20					
1414000 «Жиһаз өндірісі» (түрлері бойынша)	20					
07140700 «Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару»			25		25	
07150300 «Токарлық іс» (түрлері бойынша)			25		25	

07150500 «Дәнекерлеуді ұйымдастыру (түрлері бойынша)			13	2	50	
07160500 «Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»			50	25	75	29
07221400 «Жиһаз өндірісі»					25	
10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»				25		
10320200 «Төтенше жағдайда қорғау» (салалар бойынша)					20	
10410200 «Темір жолкөлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару»						
Барлығы	125	43	113	52	220	29

Бірінші курс студенттерінің бейімделу кезеңінде топ кураторлары мен оқытушылары топтың, колледждің жаңа ұжымына қосылуға, оқу тобын біріктіруге, жеке мәселелерін шешуге көмектесу жұмыстарын жүргізеді.

Студенттер контингенті – бұл колледж қызметінің сандық және сапалық аспектілерін сипаттайтын абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштер кешені. (16-қосымша). Білім алушылар контингенті 2НК статистикалық есеп бойынша берілді.

Оқу жылы бойынша студенттер контингенті, адам.

Оқыту түрі	Оқу жылы		
	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Барлық білімгерлер:	641	508	596
Күндізгі бөлім	612	508	596
Оның ішінде мемлекеттік тапсырыспен	519	370	489
Оның ішінде ақылы негізінде	93	138	107
Сырттай бөлім	29	0	0

Мамандықтар және оқу жылдары бойынша студенттер контингенті

Күндізгі бөлім

Мамандық атауы	Оқу жылы					
	2020-2021		2021-2022		2022-2023	
	Мемлекеттік тапсырыс	Ақылы негізінде	Мемлекеттік тапсырыс	Ақылы негізінде	Мемлекеттік тапсырыс	Ақылы негізінде
0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»	23	17		15		12
1108000 «Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» (түрлері бойынша)	157	53	58	49	19	22
1109000 «Токарлық іс және металл өңдеу» (түрлері бойынша)	148		121		65	

1203000 «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару»	45		20		20	
1303000 «Темір жол көлігіндегі автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару»	43	23	19		15	
1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану»	18					
1403000 «Ішкі санитарлық-техникалық құрылыстарды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша)	41		20		19	
1414000 «Жиһаз өндірісі» (түрлері бойынша)	44		19		18	
07140700 «Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару»			25	22	50	
07150300 «Токарлық іс» (түрлері бойынша)			25		50	
07150500 «Дәнекерлеуді ұйымдастыру» (түрлері бойынша)			13	2	63	2
07160500 «Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»			50	25	125	48
07221400 «Жиһаз өндірісі»					25	
10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»				25		23
10320200 «Төтенше жағдайда қорғау» (салалар бойынша)					20	
10410200 «Темір жолкөлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару»						
Барлығы	519	93	370	138	489	107

Колледждің академиялық саясаты ТЖКБ бағдарламаларын оқуда студенттерге жан-жақты қолдау көрсетуге бағытталған, оның негізгі міндеті білім беру үдерісін реттеу шеңберінде студенттердің өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі тәрбиелеу қабілеттерін дамыту болып табылады. Студенттерді курстан курсқа ауыстыру өткен оқу жылындағы оқу нәтижелері бойынша колледж директорының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

3.2. Оқытудың толық кезеңін қамтитын, мамандықтың дайындалатын біліктіліктеріне сәйкес практика базалары ретінде айқындалған шарттардың болуы туралы мәліметтер:

Мамандық бойынша өндірістік оқыту мен кәсіптік тәжірибеден өту бәсекеге қабілетті мамандарды дайындаудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және түлектердің еңбек нарығы жағдайына әлеуметтік-психологиялық бейімделуі үшін үлкен маңызға ие. Кәсіптік

практика колледжде оқу процесінде алған теориялық білімдерін бекітуге, практикалық дағдыларды меңгеруге және түлектердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Кәсіптік практиканың базасы ретінде анықталған кәсіпорынмен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен бекітілген кәсіптік практикадан өткізуге арналған үлгілік шартқа сәйкес кәсіптік практикадан өту туралы шарт жасалды.

«Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі» КМҚК мен кәсіпорындар арасында техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы жасалған келісім-шарттар туралы мәліметтер №1 кестеде көрсетілген.

Кесте №1.

2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
43 мекеме	55 мекеме	29 мекеме
«Жылыбулак-Мерке» ЖШС; «Тузелбай» шаруа қожалығы; «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ-ның «Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі» Жамбыл сигнализация және байланыс дистанция филиалы; «Қамқор Локомотив» ЖШС- нің «Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалы; «КТЖ – жүк тасымалы» ЖШС филиалы Жамбыл жол бөлімшесі; «Гранд- Универсал» ЖШС; «Запчасть» АҚ; «ЖамбылРемСервис» ЖШС; «Таразский механический завод» ЖШС; «Шанс» ЖК; «Айсберг» ЖК; «Four Brothers» ЖК; «Казфосфат НДФЗ» ЖШС; «Тараз-Такси» ЖШС; «Борбекова» ЖК; «Путь» өндірістік кооператив; «Энерджи-Тараз» ЖШС; «Бейбарыс» ЖК; «Шамахмудов Б.А.» ЖК; «Жамбыл-ремавтотехника» ЖШС; «Фимарат- ТемірБетон»ЖШС; «АгроКалибрСервис» ЖШС; «Усупов М.» ЖК; «STROY DIAR ENGINEERING» ЖШС; «Бином»ЖШС; «	«Қамқор Локомотив» ЖШС-нің «Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалы; «КТЖ – жүк тасымалы» ЖШС филиалы Жамбыл жол бөлімшесі; «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ- ның «Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі» Жамбыл сигнализация және байланыс дистанция филиалы; «Энерджи-Тараз» ЖШС; «Керамик-Инвест» ЖШС; «МЕЛДЕБЕК» шаруа қожалығы; «ЖамбылРемСервис» ЖШС; «Фимарат – Темірбетон» ЖШС; «АгроКалибрСервис» ЖШС; «Казфосфат» ЖШС; «Four Brothers» ЖК; «Тузелбай» шаруа қожалығы; «Айсберг» ЖК; «Бейбарыс» ЖК; «Мирас» ЖК; «Гранд-Универсал» ЖШС; «Тараз Жүк Көлік» ЖШС; «Жамбыл- ремавтотехника» ЖШС; «Усупов М.» ЖК; «STROY DIAR ENGINEERING» ЖШС; «Іскер Тараз» ЖК; «А.С Исмаилов» ЖК;	«ҚТЖ» ҰҚ» АҚ-ның «Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі» Жамбыл сигнализация және байланыс дистанция филиалы; «Қамқор Локомотив» ЖШС-нің «Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалы; «КТЖ – жүк тасымалы» ЖШС филиалы Жамбыл жол бөлімшесі; «Жамбыл- ремавтотехника» ЖШС; «ЖамбылРемСервис» ЖШС; «АгроКалибрСервис» ЖШС; ГКП на ПХВ «Жамбыл-Жылу»; «Запчасть» АҚ; «Тараз - Такси» ЖШС; «МЕЛДЕБЕК» шаруа қожалығы; «Архипов С.Н.» ЖК; «Мухийев Е.К.» ЖК; «Берлик» ЖШС; «Гранд- Универсал» ЖШС; «Новруз Трейд» ЖШС; «ЖЗМК-Имсталькон» ЖШС; АО «Жамбылская ГРЭС им.Т.И.Батурова»; «Энерджи-Тараз» ЖШС;

<p>Сельскохозяйственная механизированная технологическая станция» ЖШС; «Куат Сервис 2030» ЖШС; «Алатау-2» пәтер иелерінің тұтыну кооперативы; «КазАйнаСервис» ЖШС; «Агроспецстрой» ЖШС; кафе «Инжир»; кафе «Девят золотых»; кафе «Достар»; «Тараз Куаныш Құрылыс» ЖШС; «СантаКруз» ЖК; кафе «Чосон»; ресторан «Грейд Ширин»; «Ж.К. Нуржанова» ЖК; «Аманбеков У.У.» ЖК; «Исмаилов А.С.» ЖК; «Димка» ЖШС</p>	<p>«Мунар» ЖК; «Новруз Трейд» ЖШС; «ЛАФ» ЖШС; «Бином» ЖШС; ГКП на ПХВ «Жамбыл-Жылу»; «Тольбаев А.Т.» ЖК; «Талас Құрылыс» ЖШС; АО «Жамбылская ГРЭС им.Т.И.Батурова»; «Энергосервис» ЖШС; «Запчасть» АҚ; «Тараз - Такси» ЖШС; «Берлик» ЖШС; «Путь» өндірістік кооператив; «Борбекова» ЖК; «Кулибаева К.К.» ЖК; «ШАНС» ЖК; «Шамахмудов Б.А.» ЖК; АО «КЕГОС» ЮМЭС ЖТЕС; «Казакова А.А.» ЖК; «Ж.К. Нуржанова» ЖК</p>	<p>«Альмансур» ЖШС; «Бином» ЖШС; «АКО ПЛАСТ» ЖК; «Мұнар» ЖК; «Аманбеков У.У.» ЖК; «А.С Исмаилов» ЖК; «Асанов» ЖК; «Карат» жиһаз цехы;</p>
--	---	---

Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатында өңірлерге қажетті мамандарды даярлау үшін Жамбыл облысы Тараз қаласының әкімдігі, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі мен жұмыс беруші арасында Корпоративтік басқару (қамқорлық) туралы меморандумы жасалған **(3.2 қосымша)**.

Колледж техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары мен өндірісті интеграциялау мақсатында 2016 жылдан бастап «Темір жол көлігіндегі автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару» мамандығын дуальды оқыту жүйесіне көшірді.

2020-2021 оқу жылында кәсіптік практиканы жүргізу үшін облыстағы және Тараз қаласындағы 43 кәсіпорынмен келісім-шарт жасалынған, оның ішінде дуальды оқыту бойынша 5 кәсіпорынмен («Қамқор Локомотив» ЖШС-нің «Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалы, «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС-нің Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі филиалы, «ЖамбылРемСервис» ЖШС-і, «Аманбеков У.У.» ЖК, «Исмаилов А.С.» ЖК). келісім жасалды. Дуальдық оқыту бойынша білім алушылар саны 178, оның ішінде «Теміржол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы бойынша 130 білім алушы, «Темір жол көлігінде тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы бойынша 25 білім алушы, «Жиһаз өндірісі» мамандығы бойынша 23 білім алушы. **(3.3 қосымша.)**

2021-2022 оқу жылында кәсіптік практиканы жүргізу үшін облыстағы және Тараз қаласындағы 55 кәсіпорынмен келісім-шарт жасалынған, оның ішінде дуальды оқыту бойынша 2 кәсіпорынмен («Қамқор Локомотив» ЖШС-нің «Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалы және «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС-нің Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі филиалы) келісім жасалды. Дуальдық оқыту бойынша оқитындар білім алушылар саны –39 («Теміржол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы) **(3.4 қосымша.)**

2022-2023 оқу жылында кәсіптік практиканы жүргізу үшін облыстағы және Тараз қаласындағы қаңтар айына дейін 29 кәсіпорынмен келісім-шарт жасалынды, оның ішінде дуальды оқыту бойынша 5 кәсіпорынмен келісім жасалды. Атап айтсақ, «Қамқор Локомотив» ЖШС-нің «Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалы, «Энерджи-Тараз» ЖШС-і, «БИНОМ» ЖШС-і, «АгроКалибрСервис» ЖШС-і және «Т.И.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ, «Теміржол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы бойынша – 100 білім алушы, «Дәнекерлеу ісі» мамандығы бойынша – 15 білім

алушы, яғни барлығы - 115 білім алушы дуалды оқыту жүйесі бойынша ұшжақты келісім шарттар жасалды. (3.5 қосымша.)

3.3. Мамандық бойынша білім беру ұйымының түлектерін жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту туралы мәліметтер, бұл ретте бітірген жылы ішінде мамандық бойынша түлектердің жалпы санынан жұмысқа орналастырылғандар мен жұмыспен қамтылғандардың үлесі:

2020-2021 оқу жылында 7 мамандық бойынша бітіретін түлектерді жұмыспен қамту мақсатында облыс көлеміндегі теміржол және басқа өндіріс саласындағы ірі 7-тен аса кәсіпорын басшыларымен ваканттық бос жұмыс орындарына жұмысқа қабылдау мақсатында дөңгелек үстел өткізілген болатын. Жұмысқа қабылдау бойынша ұсынысты қолдаған «Қамқор Локомотив» ЖШС-нің «Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалы, «ЖамбылРемСервис» ЖШС, «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ-ның «Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі» Жамбыл сигнализация және байланыс дистанция филиалы, «КТЖ – жүк тасымалы» ЖШС филиалы Жамбыл жол бөлімшесі мекемелерінің басшылары мен өкілдері тарапынан қолдау тапса, сонымен қатар, өз мекемелеріндегі ваканттық орындар жөнінде нақты мәліметтер берді. Ал бұл дөңгелек үстелге келе алмаған «Казфосфат НДФЗ» ЖШС, «АгроКалибрСервис» ЖШС, «Энерджи-Тараз» ЖШС мекеме басшыларынан түлектерді жұмысқа орналастыруда өз үлестерін қосатыны жөнінде хаттар келіп түсті. Оқу жылы ішінде жүргізілген пандемия жағдайындағы атқарылған оқу-өндірістік жұмыстары жөнінде облыстық газет басылымдарында, республикалық журнал басылымында, әлеуметтік желілерде мақалалар жарық көрді. 2021 жылы колледж түлектерін жұмыспен қамту 82,4% көрсетті.

Колледж бен әлеуметтік серіктестер арасындағы қарым- қатынастың жоғары деңгейде жүргізілуінің нәтижесінде колледж түлектерінің жұмыспен қамтылуы жақсы жолға қойылған. Түлектердің жұмыспен қамтылған көрсеткіші №1 кестеде көрсетілген.

№1 кесте

Мамандық атауы	бітіруші түлектердің саны		жұмысқа орналасқандар және қамтылғаны (ЖОО+колледж, әскер, ҚР тыс кеткен, бала күтімі)		жұмыспен қамтылмағандар	
	барлығы	оның ішінде мемлекеттік тапсырыспен	барлығы	оның ішінде мемлекеттік тапсырыспен	барлығы	оның ішінде мемлекеттік тапсырыспен
1108000 – Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету (түрлері бойынша)	93	93	77 (82,8%)	77 (82,8%)	16	16
1203000 – Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару	27	26	21 (77,8%)	20 (76,9%)	6	6
1303000 – Темір жол көлігіндегі	23	22	18 (78,3%)	17 (77,3%)	5	5

автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару						
1414000 – Жиһаз өндірісі (түрлері бойынша)	27	26	23 (85,2%)	22 (84,6%)	3	3
1401000 – Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану	18	18	16 (88,9%)	16 (88,9%)	2	2
1403000 – Ішкі санитарлық- техникалық құрылыстарды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану	21	21	16 (76,2%)	16 (76,2%)	5	5
1109000 – Токарлық іс және металл өңдеу	24	24	19 (79,2%)	19 (79,2%)	5	5
0508000 – Тамақтандыруды ұйымдастыру	23	23	21 (91,3%)	21 (91,3%)		
Барлығы	256	253	211 (82,4%)	208 (82,2%)	44	44

2022 жылы бітіруші түлектерді жұмыспен қамту мақсатында 3 мамандық бойынша бітіруші түлектерді мекеме, кәсіпорын басшыларымен кездесулер өткізіліп, мүмкіндігінше жұмысқа орналастыру қарастырылды. Кездесуде түлектерді жұмыспен қамту мақсатында алдынала хабарланған облыс көлеміндегі мекеме, кәсіпорын басшылары «ВесМастер» ЖШС, «Т.И.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ-ы, «Қамқор Локомотив» ЖШС-нің «Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалы, «ЖамбылРемСервис» ЖШС, «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ-ның «Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі» Жамбыл сигнализация және байланыс дистанция филиалы, «КТЖ – жүк тасымалы» ЖШС филиалы Жамбыл жол бөлімшесі, «Казфосфат НДФЗ» ЖШС, «АгроКалибрСервис» ЖШС, «Энерджи-Тараз» ЖШС тарапынан электриктер, токарьлар, слесарьлар жұмыс орындарына шақырылды.

2022 жылдың желтоқсан айының басында бітірген түлектермен Тараз қаласының «Жұмыспен қамту орталығы» қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылып, нәтижесінде «АГРОСПЕЦСТРОЙ» ЖШС-нің жетекшілігімен 15 мөлтек ауданындағы және Сүлейменов көшесінің аяғындағы тұрғын үй құрылысына 37 түлек жұмысқа орналасты.

Оқу жылы ішінде жүргізілген оқу-өндірістік, колледжішілік, өңірлік чемпионат жұмыстары мен мекеме, кәсіпорын басшыларымен кездесулер облыстық, республикалық журнал және газет басылымында мақалалар жарық көрсе, өткізілген барлық іс-шаралар әлеуметтік желіге салынып отырылды.

2022 жылы колледж түлектерін жұмыспен қамту қаңтар айының көрсеткіші бойынша 71,5% көрсетті.

Колледж бен әлеуметтік серіктестер арасындағы қарым- қатынастың жоғары деңгейде жүргізілуінің нәтижесінде колледж түлектерінің жұмыспен қамтылуы жақсы жолға қойылған. Түлектердің жұмыспен қамтылған көрсеткіші №2 кестеде көрсетілген.

№2 кесте

2022 жылы бітірген түлектер (қаңтар айының көрсеткіші)

Мамандық атауы	бітіруші түлектердің саны		жұмысқа орналасқандар және қамтылғаны (ЖОО+колледж, әскер, ҚР тыс кеткен, бала күтімі)		жұмыспен қамтылмағандар	
	барлығы	оның ішінде мемлекеттік тапсырыспен	барлығы	оның ішінде мемлекеттік тапсырыспен	барлығы	оның ішінде мемлекеттік тапсырыспен
1108000 – Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету (түрлері бойынша)	66	41	47 (71,2%)	33 (80,5%)	19	8
1303000 – Темір жол көлігіндегі автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару	16	2	11 (68,8%)	2 (100%)	5	-
1109000 – Токарлық іс және металл өңдеу	41	41	30 (73,2%)	30 (73,2%)	11	11
Барлығы	123	84	88 (71,5%)	65 (77,4%)	35	19

Бағаланатын кезеңде мамандықтар мен біліктіліктер бойынша контингент, жұмысқа орналастыру туралы мәліметтер әдістемелік ұсынымдардың 16-қосымшаға сәйкес **3.1-қосымшасында және 3.6 -қосымшада** жұмыс берушілерден жұмысқа орналастыру туралы анықтамада ұсынылады.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

4.1. техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің жүргізуі үшін міндетті құжаттар тізбесіне және олардың нысанына, жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді зерделеу немесе жалпы білім беретін пәндерді, негізгі және кәсіби модульдерді зерделеу жөніндегі техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес әзірленген және бекітілген оқу жылына арналған жұмыс жоспарының (қызмет бағыттары бойынша) болуы және сәйкестігі; зертханалық-практикалық сабақтарды орындау; өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өту; аралық және қорытынды аттестаттауды тапсыру; егер жұмыс оқу бағдарламалары мен жоспарында өзгеше көзделмесе, курстық және дипломдық (жазбаша немесе практикалық) жұмысты орындау; бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының жекелеген модульдерін немесе пәндерін қоса отырып, модульдерге интеграцияланған техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын зерделеу:

Колледж өз қызметін 2021-2025 ж.ж. арналған Стратегиялық даму бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады. Колледждің қызметі оның миссиясымен, көзқарасымен және стратегиясымен анықталады. Колледждің миссиясы оның түпкілікті нәтижеге бағытталған қызметінің мәнін білдіреді, колледж мәртебесін, оның жұмыс принциптерін және басшылықтың ниетін жариялайды.

Колледждің миссиясы: Индустриялық-инновациялық даму сұранысын ескере отырып, теміржол кәсіпорындары үшін жоғары тұлғалық қасиеттерге ие, теориялық және практикалық дағдылардың жоғары деңгейіне ие бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.

Колледждің пайымы: Еңбек нарығында жаңа технологиялармен жұмыс істеу білімдері мен дағдыларына ие қажетті жоғары білікті жұмысшы мамандарды және техникалық бейіндегі орта буын мамандарын даярлау саласындағы жетекші білім беру ұйымдарының бірі болу .

Колледждің білім беру үрдісінің құндылықтары:

Тұлға. Колледждің басты құндылығы оның қызметкерлері мен білім алушылары болып табылады.

Білім. Колледжде білім беру мекемесі ретінде білім абсолютті құндылық болып табылады. Біз бүгінгі күнге және болашаққа қатысты білімді сақтауға, беруге және құруға тырысамыз.

Сапасы. Еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін түлектерді даярлаудың жоғары сапасы.

Жауапкершілік. Колледждің мемлекет пен қоғам жүктеген міндеттерді орындауының тиімділігі үшін, білім беру және басқа да қызметтерді тұтынушылардың сұраныстарын сапалы қамтамасыз ету үшін жауапкершілік.

Колледжді дамытудың басым бағыттары:

1. Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету жүйесін дамыту
2. Кадрлық әлеуетті дамыту
3. Тәрбие үрдісін дамыту
4. Колледж инфрақұрылымын дамыту

Колледж өз қызметін 2021-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары негізінде жүзеге асырады, оның негізінде оқу жылына арналған колледж жұмысының бірыңғай жоспары

әзірленеді, колледж бөлімшелерінің қызметін жоспарлау, бюджетті әзірлеу бірыңғай жылдық жоспар негізінде жүзеге асырылады. Колледждің жылдық жоспары мен құрылымдық бөлімшелердің жұмыс жоспарлары колледждің стратегиялық жоспарға байланысты барлық міндеттерді орындау қабілетін көрсетеді. Оқу орнының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес жасалынды.

Колледж жұмысының бірыңғай жоспарының мазмұны:

- Педагогикалық кеңес жұмысының жоспары
- Оқу-әдістемелік кеңес жұмысының жоспары
- Оқу жұмысының жоспары
- Оқу-өндірістік жұмысының жоспары
- Оқу-әдістемелік жұмысының жоспары
- Оқу-тәрбие жұмысының жоспары
- Ақпараттық технологиялар бойынша жұмыс жоспары
- Колледжішілік бақылау жоспары
- Кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары
- Құрылымдық бөлімдер жұмысының жоспары
- Жас педагог мектебі жұмысының жоспары
- Кітапхана жұмысының жоспары
- Медпункт жұмысының жоспары

Аккредиттеудің Тәуелсіз Қазақстандық Орталығы арқылы 2020 жылы мамыр айында оқу орны институционалдық және 2020 желтоқсан айында 5 білім беру бағдарламалары(1108000 «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету», 110901«Токарлық іс және металл өңдеу», 1203000«Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару»,1303000«Темір жол көлігіндегі автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару», 1414000 «Жиһаз өндірісі») бойынша мамандандырылған аккредиттеуден өтті.

2021 жылы қараша айында колледжге Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті білім беру жүйесіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілді.

Білім беру қызметін көрсету сапасының жүйелі мониторингі колледжішілік бақылауды өткізу арқылы жүзеге асырылады. Ол үшін колледжде жауапты – колледжішілік комиссиясы құрылған.

Колледжішілік бақылау колледж директорымен бекітілген жоспарға сәйкес жоспарланған уақыт аралығында өткізіледі.

Колледжішілік бақылау қорытындысы бойынша есептер құрылады, бақылау қорытындылары педагогикалық, әдістемелік және директор жанындағы кеңес отырысында тыңдалады .

Колледждің ақпараты әрдайым жаңартылып тұратын <https://tzhk.edu.kz/> web-сайты, инстаграм және фейсбук әлеуметтік желілерінде арнайы парақшалары бар. Онда қабылдау комиссиясының жұмысы, әкімшілік мүшелері, колледж тарихы, мамандықтар, әлеуметтік серіктестер, бітірушілердің жұмыспен қамтылуы туралы, жаңалықтар және т.б. ақпараттармен қамтылған.

2020-2021 оқу жылы (**жылдық жоспары қосымша 4.1.1**) колледжі ұжымы 2020-2021 оқу жылында оқу –әдістемелік, оқу –өндірістік және тәрбие жұмыстары мен оқу үрдісі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды

дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және Білім және ғылым министрлігінің нормативтік - құқықтық актілеріне сәйкес ұйымдастырылып жүргізілді.

2020-2021 оқу жылында колледж білімгерлері үшін оқу үрдісі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 13.08.2020 ж.№ 345 және 03.09.20ж.№ 381 бұйрықтарының №1 қосымшасына сәйкес және «Пандемия кезінде білім беру ұйымдарында COVID-19 короновирус инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында шараларды күшейту» Қазақстан Республикасының Ғылым және білім министрлігінің 01.04.2020ж. №123 хаты, «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең кезеңімен жеңілдету туралы» Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 15.08.2020ж№48 Қаулысы негізінде дайындалған

«Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру жөнінде» Ереже бойынша жүргізілді. Қашықтықтан оқыту <https://zhambyltypo.kz/> сайт арқылы жүргізілді. 2021 ж. 31 наурыз айында Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы мен ТОО «Benediximus» арасында zhambyltypo.kz платформасына жасалынған келісім шарты бұзылуына байланысты сабақтар Zoom, Google Meet, Whats app қосымшалар арқылы жүргізілді. Оқу жылының екінші жарты жылдығынан бастап, яғни 2021 жылғы 26 қаңтардан бірінші курс білімгерлері штаттық режимде оқытылды. Оқу аудиториялары карантиндік талаптарға сай дайындалып, сабақ кестесі жасалып, оқу топтары шағын топтарға бөлініп оқу үрдісі жалғастырылды. Білімгерлердің оқу үлгерімі мен сапасы директор жанындағы отырыстарда қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.

Оқытушылардың біліктілігін көтеруде жүргізілетін оқу пәндерінің оқу әдістемелік кешендік құжаттармен қамтылуын және тәлімгерлік жұмыстарды өз деңгейінде жүргізілуін қамтамасыз етуде әдістемелік кабинет жұмыс істеді. Оқу-әдістемелік жұмыс жоспарына сәйкес «Жаңартылған мазмұнды бағдарлама негізінде» оқу жоспарын дайындау және бекіту, оқу үрдісінде модульдік- құзыреттілік негізінде оқу-әдістемелік құжаттары мен оқу бағдарлама жоспарын жасау, бекіту, ЦӘК-дың, кітапхананың жоспарларын талдау; модульдік, міндетті бақылаулардың, зертханалық - практикалық сабақтардың кестесін бекіту; барлық мамандықтар бойынша білім беру ұйымы анықтайтын пәндер/модульдерді анықтау, ұсыныс беру, талқылау және бекіту; қашықтан оқыту технологиясы негізінде оқытудағы пәндердің оқу әдістемелік кешеннің құжаттарымен бейне сабақтарымен қамтылуы, колледж оқытушыларының онлайн режимде байқауларға қатысуы, ЦӘК-тердегі оқытушылардың шығармашылық жұмыстарын педагогикалық басылымдарға жариялау барысын талдау, жас оқытушыларға тәлімгерлер бекіту және оларға әдістемелік көмек көрсету бағытында жұмыстар атқарылды. «Жас оқытушылар» мектебінде 2020-2021 оқу жылы 10 жас маман мен жаңадан қабылданған оқытушыларға жан-жақты әдістемелік көмек берілді.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен колледжді құрылымдық басқарудағы сапа менеджментін жетілдіру, мамандар даярлаудағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру, инновациялық бағытта жұмыс жасайтын ұжымды анықтау мақсатында «Табысты менеджмент-2021» облыстық байқауына қатысып, «Үздік командалық жұмыс» номинациясымен марапатталды. Байқауға арнайы пән оқытушысы Ә.Құрмансейітов әзірлеген 1108000 «Теміржол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы бойынша «Вагондар құрылымы» пәнінен оқу құралы (Тараз «Қарахан» РБО, 2021ж.) ұсынылды.

Тәрбие үрдісінде «Рухани жаңғыру» және «Мәңгілік Ел», «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламалары аясында іс-шаралар жоспарға енгізіліп, жүргізілді. Оқу топтарында топ жетекшілерінің тәрбие сағатын өткізу барысы, тәрбие сағаттарының әдістемелік әзірлемелерінің сапасы бақылауда болды.

Циклдік-әдістемелік комиссияның отырыстарында ағымды және мемлекеттік емтихан материалдарының дайындалу сапасына, мемлекеттік емтихан билеттерінің жұмыс оқу бағдарламаға сай дайындалуына талдау жүргізілді, курстық және дипломдық жұмыс тақырыптары қарастырылды.

2020-2021 оқу жылының оқу процесінің кестесіне сәйкес 26. 01.2021ж. бастап аралас форматқа көшуіне байланысты шеберханада жоспарланған оқу тәжірибелері жүргізілді. «Токарлық іс және метал өңдеу» мамандығы бойынша 2 курс білімалушылары кәсіби тәжірибені колледж базасының «Темір өңдеу» шеберханасында өткізді. Оқу жылы ішінде оқу тәжірибелерінің жүргізілуі, күнделікті білімгерлердің қатысуы директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары, аға шебер тарапынан қадағаланады.

2020 жылы WorldSkills Jambyl - 2020 облыстық кәсіби шеберлік байқауында «Сандық бағдарламамен басқарылатын станоктарда токарлық жұмыс» құзыреттілігі бойынша Ақжолов Диас 1 орынды, Идирисов Нұрлан 3 орынды, «Ағаш ұстасы» құзыреттілігі бойынша Тұрсынбай Еркінбек 1 орынды иеленді.

2021-2022 оқу жылы оқу орнының жылдық жоспары(**қосымша 4.1.2**) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес жасалынды. Колледждің оқу үрдісін тиімді ұйымдастырып, жүргізу мақсатында мамандықтарға байланысты және арнайы оқу пәндері негізінде оқу жылының басында 3 циклдік-әдістемелік комиссиялар құрылды.

2021-2022 оқу жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы», 2021-2022 оқу жылының басына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік ұсынымдар негізінде ұйымдастырылды(31.08.2021-ғы № 5-13-2/3424-И хат).

Оқу үрдісінің кестесіне сәйкес өткізілген аралық аттестациялардың қорытындысы негізінде білімгерлердің оқу үлгерімі мен сапасына оқу пәндері мен топтар бойынша мониторинг жүргізіліп отырды. Білімгерлердің оқу үлгерімі мен сапасы директордың жанындағы отырыстарында қаралып, тиісті шешімдер қабылданды. Қабылданған шешімдердің тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін нақты іс-шаралар жасалынды және колледж ішілік барлық деңгейде қадағаланып отырды. Оқу жылы ішінде оқу тәжірибелерінің жүргізілуі, күнделікті білімгерлердің қатысуы директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары, аға шебер тарапынан қадағаланады.

2021 жылы WorldSkills Jambyl - 2021 облыстық кәсіби шеберлік байқауында «Сандық бағдарламамен басқарылатын станоктарда токарлық жұмыс» құзыреттілігі бойынша колледж білімгерлері Телеус Захар Михайлович 2 орын, Аязбай Батухан Ғазизұлы 3 орынға ие болды. 2021-2022 оқу жылы «Жас оқытушылар» мектебінде 4 жас маман жұмыс жүргізді. Жас оқытушыларға тәлімгерлер бекітіліп, оларға әдістемелік көмек көрсету бағытында жұмыстар атқарылды.

2022-2023 оқу жылының басында барлық бағыттар бойынша жұмыс жоспарлар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандары» басшылыққа ала отырып әзірленді, 31.08.2022 жылы өткізілген педагогикалық кеңесте талдау жүргізіліп және № 1 хаттамасымен бекітілді. (**қосымша 4.1.3**) Педагогикалық кеңесте жаңа оқу жылы 2022-2023 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары, Республикалық, облыстық «Білімді ұлт: терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбындағы тамыз кеңесінің ұсынымдары 2022-2023 оқу жылының басына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік ұсынымдар негізінде ұйымдастырылатыны, сонымен қатар ҚР Білім

және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусымдағы «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамсыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» №292 бұйрығына қосымша «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық туралы», ҚР ақпарат және қоғамдық даму министрлігі дайындаған « Оқушыларды позитивті этносаралық қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу және этносаралық толеранттылық қалыптастыру мәселелері бойынша жадынаманы қолданысқа енгізу туралы» колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылған жұмыстар, колледждің ішкі тәртіп ережесіне енгізілген толықтырулар мен өзгерістер (5 күндік жұмыс аптасына көшу) туралы қарастырылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығымен бекітілген «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру туралы қағидаларын» басшылыққа ала отырып әдістемелік және циклдік әдістемелік комиссиялардың жұмыстары ұйымдастырылды. Колледждің оқу үрдісін тиімді ұйымдастырып, жүргізу мақсатында оқу жылының басында 3 циклдік-әдістемелік комиссия құрылды. 2022-2023 оқу жылы «Жас оқытушылар» мектебінде 9 жас маман жұмыс жүргізді. Жас оқытушыларға тәлімгерлер бекітіліп, оларға әдістемелік көмек көрсету бағытында жұмыстар атқарылды.

Академиялық дербестік аясында және оқу үрдісі оқыту нәтижеге бағыттауға байланысты ҚР «Білім туралы» Заңында «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы» ұғымы және оны бекіту алынып тастауына («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 14 шілдедегі № 141-VII Қазақстан Республикасының Заңы) байланысты МЖМБС-дан «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) «Өзін-өзі тану» пәні алынып тасталды. Жалпы білім беру пәндер модуліндегі «Өзін-өзі тану» пәніне бөлінген сағат көлемін осы модульдің денешынықтыру пәніне бөліп, оқу жоспарына енгізілді.

2022-2023 оқу жылының 1 жарты жылдығында келесі жұмыстар атқарылды:

-World Skills және кәсіптік стандарттар басшылыққа ала отырып кәсіптік модульдер бойынша жұмыс бағдарламалар әзірлеу,

-Критериалдық бағалауда пайдалынатын бақылау тапсырмаларды әзірлеу,

- аралық аттестаттауға арналған тапсырмаларды бекіту,

- оқу сабақтардың сапасын арттыру мақсатында өз ара сабақтарға қатысу кестесін бекіту және талдау жүргізу,

-білімалушылардың қосымша дағдылардың дамыту мақсатында техникалық үйірмелердің («Робототехника») жұмыстарын ұйымдастыру.

-Студенттердің оқу мотивациясының деңгейін арттыру мақсатында өндірістік тәжірибелерді заманауи технологиялармен жабдықталған өндірістерге жіберудің жоспары жасалды.

-Педагогикалық қызметте студенттерді даярлау сапасын арттыруға ықпал ететін инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану бойынша колледж оқытушысының тәжірибесін жинақтау мақсатында оқытушылардың біліктілігін арттыру курстарынан өту жоспары жасалды.

-Колледж студенттерін кәсіптік тәрбиелеудің тиімділігін арттыру мақсатында оқытушылар құрамы арасында кәсіптік тәрбиеге арналған кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізу жоспары әзірленді. Оқу үрдісінің кестесінде барлық мамандықтар бойынша, аралық аттестациялардың мерзімдері бекітілген (сынақ-емтихандық сессиялар).

4.2 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары әзірлеген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға

міндетті стандартының (бар болса), WorldSkills (WorldSkills) кәсіптік стандарттарының (бар болса) талаптары негізінде жұмыс берушілердің қатысуымен әзірленген білім беру бағдарламаларының болуы:

ТжКБ білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын «Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі» өз қызметін қолданыстағы "Білім туралы" Заңға сәйкес берілген лицензия негізінде жүзеге асырады. **(1.3 Қосымша)**

Білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - ББ) – оқытудың мақсаттары, нәтижелері мен мазмұнын, оқу процесін ұйымдастыруды, оларды жүзеге асыру тәсілдерін, оқу нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас жиынтығы.

ТжКБ білім беру бағдарламалары олардың мазмұны мен білім алушылардың дайындық деңгейіне қарай білім беру бағдарламаларына бөлінеді:

1) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейді.

Білім беру бағдарламаларының мазмұны жалпы білім беретін және базалық және кәсіптік модульдерге кіріктірілген жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді оқуды, жұмысшы біліктіліктерін бере отырып, өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өтуді көздейді;

2) орта буын мамандарын даярлауды көздейді.

Білім беру бағдарламаларының мазмұны жалпы білім беретін және базалық және кәсіптік модульдерге кіріктірілген әлеуметтік-экономикалық, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді оқуды, "орта буын маманы" біліктілігін және (немесе) жұмысшы біліктілігін бере отырып, өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өтуді көздейді.

Колледждің білім беру бағдарламаларының тізбесі ТжКБ ұйымдарының академиялық дербестігін ескере отырып, кәсіптік стандарттар негізінде әзірленген "Talar" KEAҚ сайтында орналастырылған білім беру бағдарламаларының тізілімінде қамтылған: kasipkor.kz (білім беру мазмұны-ТжКББ ББ тізілімі-ТжКББ білім беру бағдарламаларының тізілімі). **(4.2.1. қосымша)**

Білім беру бағдарламасын әзірлеуге колледж оқытушылары, жұмыс берушілер тікелей қатысады. Жұмыс беруші маман моделін әзірлеу, оқыту нәтижелерін анықтау, білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін қажетті элективті модульдер мен пәндерді дайындау кезеңдерінде оқу процесіне тартылады. Жұмыс берушілер әдістемелік циклдік комиссиялардың отырыстарында білім беру бағдарламаларын әзірлеу мәселелерін талқылауға қатысады. Жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша ғылыми-практикалық семинарлар өткізу үшін ЦӘК қазіргі заманғы еңбек нарығының қажеттіліктерін көрсететін барлық мүдделі тұлғаларды шақырады, онда олар болашақ мамандарды даярлаудың өзекті мәселелерін, мазмұны мен бағыттарын талқылауға мүмкіндік алады. Мамандықтар бойынша барлық оқу жұмыс жоспарлары міндетті түрде әлеуметтік әріптестің базалық кәсіпорындарымен келісу үдерісінен өтеді.

Оқу процесін үлгілік оқу жоспарларымен, жұмыс оқу жоспарларымен, үлгілік оқу бағдарламаларымен, жұмыс бағдарламаларымен әдістемелік қамтамасыз ету 100% құрайды. Әрбір білім беру бағдарламасында пәндердің академиялық байланысының логикасы, жүйелілігі мен сабақтастығы бар.

Оқу жұмыс жоспарларының мазмұны оқытудың аяқталған кезеңдері ретінде модульдер түрінде ұсынылады және кәсіби қызметтің (біліктіліктің) жекелеген түрлерін орындау үшін қажетті білімді, іскерлікті және құзыреттілікті игеруге бағытталған. Оқу жұмыс жоспарлары тиісті білім беру деңгейіндегі білім алушылардың оқу модульдерін немесе оқу пәндерін, практикаларын, оқу қызметінің өзге де түрлерін зерделеуді бақылаудың тізбесін, реттілігін, көлемі мен нысанын регламенттейді.

ТжКБ МЖМБС сәйкес колледж теміржол көлігі бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білім беру мамандарын дайындайды. Оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (2021 жылғы 23 шілдедегі № 362 бұйрығының 1-қосымшасы; Қазақстан Республикасы Оқу ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 5- қосымшасы), мамандықтың үлгілік

оқу жоспарларына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына), сондай-ақ кәсіптік стандартты басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес жасалды

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ТЖКБ МЖМБС(Қазақстан Республикасы Оқу ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 5-қосымша)

талаптарына сәйкес мынадай базалық модульдерді енгізу көзделген:

- 1) физикалық қасиеттерді дамыту және жетілдіру;
- 2) ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды пайдалану;
- 3) экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану;
- 4) қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану (бұл модуль орта буын мамандарын даярлау жөніндегі білім беру бағдарламаларында көзделген).

Білім беру бағдарламасын игеруге жоспарланатын кредиттер саны: 1ж. 10 ай мерзімге -120 кредит, олардың ішінде жалпы білім беру пәндерін игеруге 60 кредит, жұмысшы біліктілігін алуға арналған базалық және кәсіптік модульдерге 60 кредит. Оқу мерзіміне 2 ж.. 10 ай-180 кредит, олардың ішінде жалпы білім беру пәндерін игеруге 60 кредит, жұмысшы біліктілігін алуға арналған базалық және кәсіптік модульдерге 120 кредит(07140700 "Автоматика, телемеханика және теміржол көлігіндегі қозғалысты басқару" мамандығы бойынша базалық және кәсіптік модульдерге 120 кредиттен-жұмысшы біліктілігін алуға 60 кредит, орта буын маманға 60 кредит).

Колледж академиялық дербестік негізінде пәндер бойынша кредиттерді / сағаттарды бөлуді жүргізеді.

2020-2021 оқу жылына күндізгі оқу бөліміне 168 студент 7 мамандық бойынша оқуға қабылданды.

мамандығы	біліктілігі
0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»	0508012 Аспаз
1108000 «Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» (түрлері бойынша)	Бірінші біліктілік 1108162 Локомотивті (тепловоз және электровоз) жөндеу бойынша слесарь Екінші біліктілік 1108062 Тепловоз машинисінің көмекшісі/1108072 Электровоз машинисінің көмекшісі
1109000 «Токарлық іс және металл өңдеу» (түрлері бойынша)	Бірінші біліктілік 1109012 Токарь Екінші біліктілік 1109062 Фрезерлеуші Үшінші біліктілік 1109113 Техник-механик
1203000 «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару»	1203012 4-ші және 5-ші кластардың теміржол стансасының кезекшісі
1303000 «Темір жол көлігіндегі автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару»	1303022 Сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау құрылғыларына қызмет көрсету және жөндеу электрмонтері
1403000 «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша)	1403082 Электргаз дәнекерлеуші
1414000 «Жиһаз өндірісі» (түрлері бойынша)	Бірінші біліктілік 141401 2 Жиһаз жинақтаушы Екінші біліктілік 141407 2 Ағаш және жиһаз өндірісінің шебері

Аталған мамандықтар бойынша жұмысшы оқу жоспарлар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Техникалық және

кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары басшылыққа ала отырып әзірленді

2021-2022 оқу жылына күндізгі оқу бөліміне 165 студент 5 мамандық бойынша оқуға қабылданды.

мамандығы	біліктілігі
07140700 «Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару»	Бірінші біліктілік 3W07140702 Сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау құрылғыларына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электромонтер Екінші біліктілік 4S07140703 Техник-электромеханик
07150300 «Токарлық іс» (түрлері бойынша)	Бірінші біліктілік 3W07150301 Токарь Екінші біліктілік 4S07150304 Техник-технолог
07150500 «Дәнекерлеуді ұйымдастыру (түрлері бойынша)	3W07150501 Электргазымен дәнекерлеуші
07160500 «Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»	Бірінші біліктілік 3W07160502 Локомотивті жөндеу жөніндегі слесарі (түрлері бойынша) Екінші біліктілік 3W07160501 Локомотив машинисының көмекшісі (түрлері бойынша)
10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»	3W10130302 Аспазшы

Аталған мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарлар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары басшылыққа ала отырып әзірленді

2022-2023 оқу жылына күндізгі оқу бөліміне 249 студент 6 мамандық бойынша оқуға қабылданды.

мамандығы	біліктілігі
07140700 «Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару»	Бірінші біліктілік 3W07140702 Сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау құрылғыларына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электромонтер Екінші біліктілік 4S07140703 Техник-электромеханик
07150300 «Токарлық іс» (түрлері бойынша)	3W07150301 Токарь
07150500 «Дәнекерлеуді ұйымдастыру (түрлері бойынша)	3W07150501 Электргазымен дәнекерлеуші
07160500 «Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»	Бірінші біліктілік 3W07160502 Локомотивті жөндеу жөніндегі слесарі (түрлері бойынша) Екінші біліктілік 3W07160501 Локомотив машинисының көмекшісі (түрлері бойынша)
07221400 Жиһаз өндірісі	3W07221405 Ағаш және жиһаз өндірісінің шебері
10320200 Төтенше жағдайда қорғау (салалар бойынша)	3W10320201 Құтқарушы

Аталған мамандықтар бойынша жұмысшы оқу жоспарлар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары басшылыққа ала отырып әзірленді

4.3. Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 1, 2-қосымшаларына сәйкес техникалық және кәсіптік білім берудің оқу жоспарының үлгілері негізінде әзірленген жұмыс оқу жоспарларының болуы:

2019 оқу жылынан бастап Колледж Білім беру бағдарламаларын "Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына сәйкес модульді-құзырлы тәсіл негізінде , сондай-ақ, ТЖКБ МЖМБС талаптары бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің оқу жоспарларының моделі (техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына 1-қосымша) негізінде жасалады. **(4.3.1 қосымша)**

Модульдік білім беру бағдарламасын іске асыру білім беру деңгейлерінің біліктілік шеңберіне және еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Модульдік білім беру бағдарламаларының айрықша ерекшелігі - олар жеке білім беру траекториясын құру, білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін есепке алу мүмкіндігін қарастырады.

Колледж МЖМБС талаптары, кәсіби стандарттар, WorldSkills кәсіби стандарттары негізінде жұмыс берушілердің қатысуымен білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді.

Білім беру бағдарламасына кіреді: төлқұжат, жұмыс оқу жоспары және жұмыс оқу бағдарламалары.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылында білім беру бағдарламаларына мынадай базалық модульдерді енгізу көзделген:

- 1) физикалық қасиеттерді дамыту және жетілдіру;
- 2) ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды пайдалану;
- 3) экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану;
- 4) қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану.(бұл модуль орта буын мамандарын даярлау жөніндегі білім беру бағдарламаларында көзделген)

2021-2022,2022-2023 оқу жылындағы мамандықтар бойынша кәсіби модульдердің тізбесі мен мазмұны ТЖКБ ұйымдарының академиялық дербестігін ескере отырып, кәсіби стандарттар негізінде әзірленген. "Talar" KEAҚ сайтында орналастырылған: kasipkor.kz (қосымша – "білім мазмұны" - "НҚА жобалары 2021" - "ТУП") үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары («Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы»)Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553бұйрығы).

Оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламалары «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің жүргізуі үшін міндетті құжаттар тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығының нысандарына сәйкес әзірленді.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізілімін (бұдан әрі – ББ тізілімі) енгізуге байланысты техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын есепке алудың бірыңғай ақпараттық жүйесін қалыптастыру үшін колледж 2021-2022 оқу жылында ББ тізіліміне барлық мамандықтар бойынша бағдарламалардың паспорттарын толық енгізді.

2022 жылдың сәуір-мамыр айларында "Талап" KEAҚ 9 мамандық бойынша білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізді, 9 мамандық білім беру бағдарламаларының паспорттары білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілді.**(4.2.1 қосымша)**

Ұйымдардың академиялық дербестігі шеңберінде «Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 «Тиісті типтегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрықтарын басшылыққа ала отырып, 2021 жылдан бастап 07150500 «Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)» 10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандықтары бойынша бір жұмысшы біліктілігін (3W07150501 «Электргазбен дәнекерлеуші» және 3W10130302 «Аспаз») ала отырып, оқу мерзімі 2ж.10айдан 1ж. 10 айға өзгертілді. (2021, 2022 жылдарға арналған мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспары) **(4.3.1-қосымша)**

2021 жылдан бастап "Жас Маман" жобасы шеңберінде 07160500 «Темір жолдардың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету», 07140700 «Теміржол көлігіндегі автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару» мамандықтары бойынша Soprano Group, Финляндия шетелдік кәсіби стандарттар негізінде жұмыс оқу жоспарлары әзірленді. **(4.3.2 қосымша)**

Шетелдік серіктес - Soprano Group, Финляндия (бұдан әрі – шетелдік серіктес) ТЖКБ мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу кредиттік-модульдік технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады және "құзыреттерге негізделген оқытуға бағытталған».

Шетелдік серіктес әзірлеген білім беру бағдарламалары оқу нәтижелеріне бағытталған білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптардың сипаттамасын, сондай-ақ:

- 180 кредит көлемінде кәсіптік білім беру мазмұнының еуропалық және финдік стандартына сәйкес келеді;
- оқыту нәтижелеріне сәйкес базалық және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейді;
- модульдер бойынша білім беру бағдарламалары мазмұнының үздіксіздігі қағидаттарын ескереді;
- білім алушылардың бір білім беру бағдарламасы шеңберінде жұмысшы біліктілігінен бастап орта буын маманына дейінгі әртүрлі деңгейдегі біліктіліктерді игеруіне есептелген

07160500 «Темір жолдардың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы бойынша 3W07160501 «Локомотив машинисінің көмекшісі (түрлері бойынша)», 3W07160502 «Локомотивті жөндеу жөніндегі слесарь (түрлері бойынша)» біліктіліктерімен кәсіби модульге өзгерістер енгізілді: ПМ 01 «Теміржол өнеркәсібіндегі жұмыс» 53 кредит көлемінде (1272 сағат), оның ішінде 936 сағат (24 кредит) колледж және "Қамқор-Локомотив" ЖШС элеуметтік серіктес базасында өндірістік оқыту қарастырылған, ал 07140700 «Автоматика, телемеханика және теміржол көлігінде қозғалысты басқару» мамандығы бойынша 10 кредит (240 сағат) көлемінде "Электротехника өнеркәсібіндегі жұмыс" кәсіби модулі қосылды.

4.4. Оқу нәтижелеріне бағдарланған оқу жоспарының барлық пәндері және (немесе) модульдері бойынша ұйым бекіткен жұмыс оқу бағдарламаларының болуы:

Оқыту нәтижелеріне бағдарланған оқу жоспарының барлық пәндері және (немесе) модульдері бойынша ТЖКБ ұйымы бекіткен оқу жұмыс бағдарламаларының болуы;

Мамандықтар бойынша оқу қызметі Мемлекеттік білім стандартының, мамандықтар бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларының, оқу жұмыс жоспарларының талаптарына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады. Оқу жұмыс жоспарлары циклдік әдістемелік комиссия отырысында қаралатын және колледж директоры бекітетін үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары негізінде құрастырылады.

Оқыту модульдерінің (пәндерінің) мазмұны, тақырыптарды оқып-үйрену реттілігі және олардың өзара байланысы ТОБ, ЖОБ, КТЖ, оқу процесінің кестесі, оқу-өндірістік практика бағдарламалары негізінде анықталады.

Колледж ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген техникалық деңгейдегі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу жұмыс жоспарларын дербес әзірлейді. Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 31 қазандағы № 604. (2022 жылдан

бастап Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 5-қосымшаға сәйкес)

2020-2021 жылдары мамандықтар бойынша оқу жұмыс жоспарлары, мамандықтар бойынша үлгілік оқу жоспарлары негізінде оқыту нәтижелеріне бағытталған мамандықтардың барлық модульдері (пәндері) әзірленді (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің қазандағы бұйрығы. 31. 2017 ж. № 553) "Орта білім беру ұйымдарын жүргізу үшін педагогикалық қызметкерлерге қажетті құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес нысан бойынша. , техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім және олардың нысандары» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20317 болып тіркелген).

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығына сәйкес бекітілген нысанға сәйкес әзірленді. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылы 18 қыркүйекте № 24429 болып тіркелді)(**4.4.1 қосымша**)

4.5. Білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін (бар болса) жеке оқу жоспары мен арнайы оқу бағдарламасын іске асыру

Колледжде оқушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды инклюзивті білім беру ортасында оқытудың жеке оқу жоспарлары мен жоспарлары әзірленбеген, себебі мұндай студенттер контингентінің болмауына байланысты бейімделген бағдарламалар негізінде мамандарды дайындайтын инклюзивті топ ашылмаған.

4.6. Міндетті жалпы білім беру пәндерінің тізбесі мен көлемінің, сондай-ақ қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша мамандық бейінін ескере отырып, оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлерінің пәндерінің сәйкестігі

«Тараз темір жол көлігі және коммуникациялар колледжі» КМҚК өзінің білім беру қызметін ТжКБ МЖМБС негізінде жүргізеді (Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 5-қосымша)

«Жалпы білім беретін пәндер» модулі бойынша сағаттардың жалпы саны 60 кредитті/1440 сағатты құрайды, жалпы білім беретін пәндер 1 курста оқытылады.

Жалпы білім беретін пәндердің тізбесі мен көлемі қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша мамандық бейінін ескере отырып, МЖМБС сәйкес айқындалады.

Мамандығының бейініне қарамастан міндетті жалпы білім беретін пәндер: «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті», "Орыс тілі мен әдебиеті" (қазақ тілінде оқытатын топтар үшін), «Орыс тілі» және «орыс әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» (орыс тілінде оқытатын топтар үшін) «Шетел тілі», «Математика», «Информатика», «Қазақстан тарихы», Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» .

Колледж дайындайтын мамандықтардың ішінде барлық мамандықтар жаратылыстану-математикалық бағытқа ие. Оқу нәтижелеріне бағдарлана отырып, техникалық және кәсіптік білім берудің МЖМБС талаптарына сәйкес міндетті жалпы білім беретін пәндерден басқа жұмыс оқу жоспарларына оқытудың тереңдетілген деңгейінің мынадай пәндері енгізілді : «Химия», «Физика»- 6 кредит(144 сағат) көлемінде және оқытудың стандартты деңгейінің пәндері: «Дүниежүзілік тарих», «Биология» -3 кредит көлемінде (72 сағат).(**4.3.1 қосымша**).

2021-2022 оқу жылының басына «Жалпы білім беретін пәндер» бойынша сағаттарды бөлу техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында оқу процесін

ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді(шығыс нөмірі 5-13-2/3424- 31.08.2021 ж.) (4.6.1-қосымша)

2020-2021 оқу жылы

Жалпы білім беретін пәндердің оқу бағдарламаларын игеруге арналған сағаттардың жалпы көлемі 1448 сағат.

2020-2021 оқу жылына қабылданған мамандықтар жаратылыстану математикалық бейіне болуына байланысты таңдалған пәндер:

- тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндер «Физика», «Химия»,
- стандарттық деңгейдегі пәндер «Дүниежүзі тарихы», «География».

Математика	180
Информатика	90
Қазақ (орыс) тілі	60
Қазақ (орыс) әдебиеті	60
Орыс тілі(қазақ) және әдебиеті	120
Шет тілі	120
Қазақстан тарихы	90
.Өзін өзі тану	60
Дене шынықтыру	158
Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	90
Химия	150
Физика	150
Дүниежүзі тарихы	60
География	60
Барлығы	1448 сағат

2021-2022 оқу жылы

«Жалпы білім беретін пәндер» модулі бойынша сағаттардың жалпы саны 60 кредитті/1440 сағатты құрайды, жалпы білім беретін пәндер 1 курста оқытылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» басшылыққа ала отырып жалпы білім беретін пәндер тізбесі мен көлемі қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша мамандық бейінін ескере отырып айқындалды.

Бейініне қарамастан міндетті жалпы білім беретін пәндер: «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» «Орыс тілі және әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін топтар үшін), «Орыс тілі» және «Орыс әдебиеті», «Қазақ тілі және әдебиеті» (оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтар үшін), «Шетел тілі», «Математика», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Өзін-өзі тану», «Дене тәрбиесі», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық».

Жаратылыстану-математикалық бейіне тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндер «Физика», «Химия», «Биология», «География», бейіндік оқытудың осы бағытында стандарттық деңгейдегі пәндер «Дүниежүзі тарихы», «Биология», «География».

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021-2022 оқу жылының басына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық әдістемелік ұсынымдар басшылыққа ала отырып оқу жұмыс жоспарлар әзерленген.

2021-2022 оқу жылына қабылданған мамандықтар жаратылыстану математикалық бейіне болуына байланысты таңдалған пәндер:

- тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндер «Физика», «Химия»,
- стандарттық деңгейдегі пәндер «Биология», «Дүниежүзі тарихы».

Математика	192
Информатика	48

Қазақ (орыс) тілі	72
Қазақ (орыс) әдебиеті	72
Орыс тілі(қазақ) және әдебиеті	96
Шет тілі	96
Қазақстан тарихы	96
Өзін өзі тану	48
Дене шынықтыру	120
Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	96
Химия	144
Физика	144
Дүниежүзі тарихы	72
Биология	72
Аралық аттестаттау	72
Барлығы	60 кредит/ 1440 сағат

2022-2023 оқу жылы .

"Жалпы білім беретін пәндер" модулі бойынша сағаттардың жалпы саны 60 кредитті/1440 сағатты құрайды, жалпы білім беретін пәндер 1 курста оқытылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» басшылыққа ала отырып жалпы білім беретін пәндер тізбесі мен көлемі қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша мамандық бейінін ескере отырып айқындалды.

Бейініне қарамастан міндетті жалпы білім беретін пәндер: «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» «Орыс тілі және әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін топтар үшін), «Орыс тілі» және «Орыс әдебиеті», «Қазақ тілі және әдебиеті» (оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтар үшін), «Шетел тілі», «Математика», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Дене тәрбиесі», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық».

Жаратылыстану-математикалық бейіне тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндер «Физика», «Химия», «Биология», «География», бейіндік оқытудың осы бағытында стандарттық деңгейдегі пәндер «Дүниежүзі тарихы», «Биология», «География».Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022-2023 оқу

жылының басына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық әдістемелік ұсынымдар басшылыққа ала отырып оқу жұмыс жоспарлар әзерленген.

ҚР«Білім туралы» Заңында «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы» ұғымы және оны бекіту алынып тастауына («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 14 шілдедегі № 141-VII Қазақстан Республикасының Заңы) байланысты МЖМБС-дан «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) «Өзін-өзі тану» пәні алынып тасталуына байланысты жалпы білім беру пәндер модуліндегі «Өзін-өзі тану» пәніне бөлінген сағат көлемін осы модульдің «дене шынықтыру» пәніне бөлінді

2022-2023 оқу жылына қабылданған мамандықтар жаратылыстану математикалық бейіне болуына байланысты таңдалған пәндер:

- тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндер «Физика», «Химия»,
- стандарттық деңгейдегі пәндер «Дүниежүзі тарихы», «География»

Математика	192
Информатика	48
Қазақ (орыс) тілі	72
Қазақ (орыс) әдебиеті	72
Орыс тілі(қазақ) және әдебиеті	96
Шет тілі	96
Қазақстан тарихы	96
Дене шынықтыру	168
Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	96
Химия	144
Физика	144
Дүниежүзі тарихы	72
Биология	72
Аралық аттестаттау	72
Барлығы	60 кредит/ 1440 сағат

4.7. Бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының жекелеген модульдерін немесе пәндерін қоса отырып, модульдерге интеграцияланған техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын зерделеу

Модульдік білім беру бағдарламасын іске асыру білім беру деңгейлерінің біліктілік шеңберіне және еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Модульдік білім беру бағдарламаларының айрықша ерекшелігі - олар жеке білім беру траекториясын құру, білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін есепке алу мүмкіндігін қарастырады.

2021-2022,2022-2023 оқу жылындағы мамандықтар бойынша кәсіби модульдердің тізбесі мен мазмұны ТЖКБ ұйымдарының академиялық дербестігін ескере отырып, кәсіби стандарттар негізінде әзірленген. «Талар» КЕАҚ сайтында орналастырылған: kasipkor.kz (қосымша – «Білім мазмұны» - "НҚА жобалары 2021" - "ТУП") үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары («Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы»)Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553бұйрығы).

Оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламалары «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің жүргізуі үшін міндетті құжаттар тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығының нысандарына сәйкес әзірленді.

Тараз теміржол көлігі және коммуникациялар колледжі қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша дайындық жүргізбейді.

4.8. Жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық пәндерді немесе базалық модульдерді, сондай-ақ кәсіби модульдерді зерттеу

Оқу жұмыс жоспарларының мазмұны оқытудың аяқталған кезеңдері ретінде модульдер түрінде ұсынылады және кәсіби қызметтің (біліктіліктің) жекелеген түрлерін орындау үшін қажетті білімді, іскерлікті және құзыреттілікті игеруге бағытталған. Оқу жұмыс жоспарлары тиісті білім беру деңгейіндегі білім алушылардың оқу модульдерін немесе оқу пәндерін, практикаларын, оқу

қызметінің өзге де түрлерін зерделеуді бақылаудың тізбесін, реттілігін, көлемі мен нысанын регламенттейді. МЖМБС үлгісіне сәйкес колледж теміржол көлігі бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білім беру мамандарын дайындайды. Оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (2021 жылғы 23 шілдедегі № 362 бұйрыққа 1-қосымша), мамандықтың үлгілік оқу жоспарларына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығы), сондай-ақ мамандықтың кәсіби стандартын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы негізінде жасалды.

Күндізгі оқу нысаны негізінде техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын игерудің нормативтік мерзімі білім алушылардың базалық білім деңгейіне және күтілетін белгіленген біліктілік деңгейінің күрделілігіне байланысты.

Негізгі орта білім беру базасында оқытудың нормативтік мерзімі: 1ж. 10 ай (07150500 «Дәнекерлеу ісі», 07221400 «Жиһаз өндірісі», 10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандықтары бойынша), 2 жыл 10 ай (07140700 «Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару», 07150300 «Токарлық іс» мамандықтары бойынша, 07160500 «Темір жолдардың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету», 10320200 «Төтенше жағдайларда қорғау»).

Білім беру бағдарламасын игеруге жоспарланатын кредиттер саны: 1ж. 10 ай оқыту мерзіміне -120 кредит, олардың ішінде жалпы білім беру пәндерін игеруге 60 кредит, жұмысшы біліктілігін алуға арналған базалық және кәсіптік модульдерге 60 кредит. 2 ж. 10 ай оқыту мерзіміне-180 кредит, олардың ішінде жалпы білім беру пәндерін игеруге 60 кредит, жұмысшы біліктілігін алуға арналған базалық және кәсіптік модульдерге 120 кредит(07140700 «Автоматика, телемеханика және теміржол көлігіндегі қозғалысты басқару» мамандығы бойынша базалық және кәсіптік модульдерге 120 кредиттен-жұмысшы біліктілігін алуға 60 кредит, орта буын маманға 60 кредит).

Колледж академиялық дербестік негізінде пәндер бойынша кредиттерді / сағаттарды бөлуді жүргізеді.

Келесі базалық модульдер барлық мамандықтар үшін ортақ және міндетті болып табылады:

- 1) физикалық қасиеттерді дамыту және жетілдіру;
- 2) ақпараттық-коммуникациялық цифрлық технологияларды пайдалану;
- 3) экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану ;
- 4) қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану(тек 07140700 «Автоматика, телемеханика және теміржол көлігіндегі қозғалысты басқару» мамандығы бойынша **(4.3.1 РУПл қосымша)**).

Модульдер міндетті оқытуға бөлінген кредиттердің жалпы санын сақтай отырып, семестрлерге бөлінеді. Оқу уақытының көлемін оқу қызметінің түрлері мен нысандары бойынша, сондай-ақ семестрлер бойынша бөлу кредиттерде есептеледі.

Модульдік-біліктілік тәсілі теориялық дайындық пен практикалық жұмыс арасындағы, жұмыс берушілердің талаптары мен кәсіптік даярлаудың оқу бағдарламалары арасындағы оңтайлы қатынасты анықтау міндетін қояды. Оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеудің модульдік тәсілі кезінде кәсіби қызметтің (құзыреттің) әрбір түрі үшін жеке модуль әзірленеді.

Біліктілік тәсілі базалық және кәсіптік құзыреттерді қалыптастыруды, оның ішінде оқытудың модульдік технологиясын енгізуді қарастырады, ал модульдік білім беру бағдарламаларының мазмұны мамандық бойынша қаралатын біліктілік деңгейінде базалық және кәсіптік құзыреттерді меңгеруді қамтамасыз етеді.

Мамандықтар бойынша оқу жұмыс жоспарлары еңбек нарығының қажеттіліктеріне, жұмыс берушілердің талаптарына, МЖМБС талаптарына байланысты жыл сайын қайта қаралады және жаңартылады.

Колледждің негізгі жетекші мамандығы бойынша 07160500 «Темір жолдардың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» оқу мерзімі 2ж. 10

ай білім алушылар 2 жұмысшы біліктілігін игереді, 3W07160502 «Локомотивті жөндеу жөніндегі слесарь (түрлері бойынша)», 3W07160501 «Локомотив машинисінің көмекшісі (түрлері бойынша)».

3W07160502 «Локомотивті жөндеу жөніндегі слесарь» біліктілігі бойынша оқыту барысында 6 кәсіби модуль, ал 3W07160501«Локомотив машинисінің көмекшісі (түрлері бойынша)» біліктілігі бойынша-3 кәсіби модуль оқытылады. Модульдердің мазмұны кестеде келтірілген

№	Базалық немесе кәсіптік модульдің атауы	РО Саны және олардың мазмұны	Кредиттер /сағаттар саны
1	БМ 01 физикалық қасиеттерді дамыту және жетілдіру	2-РО денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты принциптерін сақтау. Физикалық қасиеттер мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру	4/96
2	БМ 2. Ақпараттық - коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	2-РО оқу нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді меңгеруі керек -ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	1/24
3	БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін кәсіби қызметте қолдану	4-РО оқу нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек - экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін кәсіби қызметте қолдану	1/24
3W07160502 «Локомотивті жөндеу жөніндегі слесарь» біліктілігі бойынша			
1	ПМ 01 Ақпараттық технологияларды қолдана отырып сызбалар мен сызбаларды орындау	7-РО нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек -ақпараттық технологияларды қолдана отырып сызбалар мен сызбаларды орындау	2/48
2	ПМ 02 Электротехника, электроника және микроэлектрониканың негізгі заңдарын қолдану	6-РО оқу нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек - электротехника, электроника және микроэлектрониканың негізгі заңдарын қолдану	2/48
3	ПМ 03 Еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын және техникалық пайдалану ережелерін сақтау	11-РО оқу нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек -еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын және техникалық пайдалану ережелерін сақтау	3/72
4	ПМ04 Локомотивтерді жөндеуді орындау	8-РО оқу нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек -локомотивтерді жөндеуді орындау	4/96
5	ПМ 05 Локомотивтің тораптары мен бөлшектерін бақылау, құрастыру, реттеу, сынау	5-РО оқу нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек -локомотивтің тораптары мен бөлшектерін бақылау, құрастыру, реттеу, сынау	3/72
6	ПМ 06 Жылжымалы құрамды жөндеу бойынша слесарь біліктілігі бойынша	8-РО нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек	39/936

	жұмыстардың негізгі түрлерін орындау	-жылжымалы құрамды жөндеу бойынша слесарь біліктілігі бойынша жұмыстардың негізгі түрлерін орындау	
3W07160501 «Локомотив машинисінің көмекшісі (түрлері бойынша)» біліктілігі бойынша			
1	ПМ 07 Еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын және техникалық пайдалану ережелерін сақтау	3-РО оқу нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек -локомотивті басқару кезінде еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын және техникалық пайдалану ережелерін сақтау	3/72
2	ПМ 08 Локомотивті басқару және қызмет көрсету	5-РО оқу нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек - локомотивті басқару және қызмет көрсету	12/288
3	ПМ 09 Локомотивтегі немесе жол жүру жолында туындаған вагондар құрамындағы ақауларды жою	8-РО оқу нәтижесінде студенттер мынадай құзыреттерді меңгеруі тиіс-жол жүру жолында туындаған локомотивтегі немесе вагондар құрамындағы ақауларды жою	40/960

07140700 «Автоматика, телемеханика және теміржол көлігіндегі қозғалысты басқару» мамандығы бойынша оқу мерзімі 2ж. 10 ай білім алушылар 1 жұмысшы біліктілігін 3W07140702 «Сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау құрылғыларына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі Электромонтер» және 1орта буын маманының біліктілігін 4S07140703«Техник-электромеханик»игереді.

3W07140702 «Сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау құрылғыларына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі Электромонтер» біліктілігі бойынша оқыту барысында 6 кәсіби модуль, ал 4S07140703 «Техник-электромеханик» біліктілігі бойынша 6 кәсіби модуль оқытылады. Модульдердің мазмұны кестеде келтірілген

№	Базалық немесе кәсіптік модульдің атауы	РО Саны және олардың мазмұны	Кредиттер/ сағаттар саны
1	БМ 01 Физикалық қасиеттерді дамыту және жетілдіру	2-РО денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты принциптерін сақтау. Физикалық қасиеттер мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	8/192
2	БМ 2. Ақпараттық - коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	2-РО оқу нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді меңгеруі керек-ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	1/24
3	БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін кәсіби қызметте қолдану	4-РО оқу нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек - экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін кәсіби қызметте қолдану	1/24
4	БМ 4 Қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	4-РО оқу нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек -қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	2/48
біліктілігі 3W07140702 «Сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау құрылғыларына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі Электромонтер»			

1	ПМ 01 6-шы стандарттау негізінде сызбалар мен сызбаларды орындау	6-РО нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек-стандарттау негізінде сызбалар мен сызбаларды орындау	2/48
2	ПМ 02 Электроника мен микропроцессорлық техниканы, электрлік өлшемдерді және электротехника негіздерін кәсіби қызметте қолдану	8-РО оқу нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек - электроника мен микропроцессорлық техниканы, электрлік өлшемдерді және электротехника негіздерін кәсіби қызметте қолдану	8/192
3	ПМ 03 Еңбекті қорғау нормаларын және техникалық пайдалану ережелерін орындау	4-РО оқу нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек - еңбекті қорғау нормалары мен техникалық пайдалану ережелерін орындау	2/48
4	ПМ 04Сигнал беру, орталықтандыру және блоктау құрылғыларына техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді және телемеханикалық бақылауды орындау	6-РО оқу нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек - дабыл, орталықтандыру және блоктау құрылғыларына техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді және телемеханикалық бақылауды орындау	21/504
5	ПМ 05 Автоматтандырылған станциялық сигнал беру жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу, орталықтандыру және блоктау	6-РО оқу нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек-автоматтандырылған станциялық сигнал беру жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу, орталықтандыру және блоктау	9/216
6	ПМ 06 06 Пойыздардың қозғалысын интервалды реттеудің автоматтандырылған жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді орындау	7-РО оқу нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек-пойыздардың қозғалысын интервалды реттеудің автоматтандырылған жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді орындау	9/216
біліктілігі 4S07140703 «Техник-электромеханик»			
1	ПМ 07 Теміржол автоматикасының станциялық жүйелерін құру және пайдалану	6-РО в оқу нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек-теміржол автоматикасының станциялық жүйелерін құру және пайдалану	3/72
2	ПМ 08 Теміржол автоматикасының арақашықтық жүйелерін құру және пайдалану	6-РО оқу нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек - теміржол автоматикасының арақашықтық жүйелерін құру және пайдалану	3/72
3	ПМ 09 Теміржол көлігінде диспетчерлік орталықтандыру жүйелерін қолдану	6-РО оқу нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек - теміржол көлігінде диспетчерлік орталықтандыру жүйелерін қолдану	3/72
4	ПМ 10 Сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау, теміржол	9-РО оқу нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек - сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау, теміржол	30/720

	автоматикасы және телемеханика жүйелерінің құрылғыларына техникалық қызмет көрсетуді орындау	автоматикасы және телемеханика құрылғыларына техникалық қызмет көрсетуді орындау	
5	ПМ 11 Экономиканы, теміржол көлігінде өндірісті және еңбекті ұйымдастырудың негізгі принциптерін қолдану	4-РО нәтижесінде студенттер келесі құзыреттерді игеруі керек- Экономиканы, теміржол көлігінде өндірісті және еңбекті ұйымдастырудың негізгі принциптерін қолдану	3/72
6	ПМ12 Дипломдық жобалау	Дипломдық жобалау	9/216

Әрбір біліктілікті игергеннен кейін оқу процесінің кестесіне сәйкес оқу жұмыс жоспарларында тиісті біліктілікті беру үшін біліктілік емтихандарын тапсыру көзделген.

4.9. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы жүзеге асыру және өту

Колледжде ұйымдастырылатын кәсіптік тәжірибе ТжКББ Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес ұйымдастырылады және мамандықтар бойынша кәсіптік біліктілік деңгейіне байланысты өтеді. Сапалы мамандар даярлауда тәжірибенің барлық түрлері бойынша тұрақты түрде мекемелер бекітілген.

Колледжде өндірістегі оқыту және еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы байланысты қамтамасыз ететін оқу қызметі оқыту нәтижелеріне бағытталған жұмыс оқу жоспарлары және жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Оқу жұмыс жоспары мамандықтар бойынша тиісті әлеуметтік серіктестермен келісілген.

Өндірістік мекеме базасында өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны келесі нормативтік-құқықтық актілермен регламенттеледі:

- 1) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
 - 2) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;
 - 3) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
 - 4) «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы (бұдан әрі-ҚР БҒМ №50 бұйрығы);
 - 5) «Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығы (бұдан әрі- ҚР БҒМ №93 бұйрығы).
 - 6) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығы (бұдан әрі-ҚР БҒМ №597 бұйрығы).
- ҚР Еңбек кодексінің 35-бабының 7-1) тармақшасына сәйкес дуальды оқыту туралы шарт білім алушының еңбек қызметін растайтын құжат болып табылады.

Кәсіптік практика үздіксіз болып табылады және теориялық оқытумен қатар өткізіледі. БІнтымақтастық төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

кәсіпорынның материалдық-техникалық базасын қолдану арқылы білімгерлердің тәжірибелік оқуын ұйымдастыру (құралдар мен арнайы жабдықтарды қолдану мүмкіндігі беріледі);

ары қарай жұмысқа орналасумен өндірістік тәжірибеден өтуге үшжақты шарттар жасау;
өндірістік тәжірибе бойынша жұмыс бағдарламаларын бірлесе әзірлеу;
бірлескен конференциялар мен семинарлар өткізу;

колледж түлектерін дайындауда білімді тәуелсіз бағалау сапасы үрдісінде жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестер белсенді түрде қатысып отырады; жұмыс беруші мекеме өкілдері жыл сайын колледж бітірушілерін қорытынды аттестаттау жұмыстарына қатысып, біліктілік, білімділік деңгейлерін сарапқа салады, бағалайды, және де мемлекеттік біліктілік комиссиясына басшылық етеді.

Білім беру процесі мен жұмыс берушілердің мүдделері арасындағы маңызды байланыстырушы буын құзыреттілік тәсіл болып табылады. Біздің колледж Жамбыл облысының жаңартылатын кадрларға деген жыл сайынғы қажеттілігін өтуге, демек, еңбек нарығындағы теңгерімді қамтамасыз етуге арналған. Кәсіптік практика студенттің мамандығының бейініне сәйкес келетін мекемелерде өткізіледі. Практиканың ұзақтығы мамандықтар бойынша оқу жоспарымен анықталады, жұмыс берушілердің ұйымдарымен әлеуметтік серіктестік туралы келесімшарт негізінде жүзеге асырылады және кәсіптік практика басталғанға дейін бір ай бұрын бекітіледі.

Тәжірибені басқаруды колледждің жетекші оқытушылары және өндірістік оқыту шеберлері жүзеге асырады. Тәжірибенің барлық түрі бойынша оқыту тілін ескере отырып тәжірибе күнделіктері әзірленген және шығарылған. Барлық мамандық бойынша өндірістік практика бағдарламасы әзірленген және ол пайдаланылады. Тәжірибеден өтетін студенттерге көмек ретінде әдістемелік бұрыш ұйымдастырылған (жұмыс жоспар-кестесін, күнделікті, жолдаманы, мінездемені және есепті толтыру үлгілері).

Білім алушыға «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кәсіптік практиканы өту туралы жолдама бланкі беріледі. **(Қосымша 4.9.1)**

Кәсіптік практикаға оқу практикасы (таныстыру немесе алғашқы кәсіптік дағдыларды меңгеру); технологиялық (мамандықтар бейіні бойынша): өндірістік (диплом алды, біліктілік) практикасы кіреді.

Оқу – таныстыру практикасы, кәсіптік қызметпен танысуға және таңдап алған мамандықтары бойынша білім мен дағдыларға ие болуға; мамандыққа қызығушылығын оятуды және теориялық білімдерін саналы түрде меңгеруге ұмтылуға мүмкіндік береді.

Кәсіптік дағдыларды меңгеру бойынша практиканың негізгі міндеттері:

- алғашқы кәсіптік дағдылар мен білімдерді меңгеру;
- студенттерді жалпы кәсіптік және арнайы пәндерді саналы және терең зерделеуге дайындау;

- оларға таңдап алған мамандықтары бойынша практикалық білім мен дағдыларды игерту;

Технологиялық практиканың (мамандықтар бейіні бойынша) негізгі міндеттері:

- кәсіптік ойлауын дамыту, білімді меңгеру және кәсіпорында кәсіптік қызметтің практикалық дағдыларына ие болу;

- өндірісте нақты кәсіптік қызметті атқару және зерделеу негізінде арнайы пәндерді оқығанда алған білімдерін бекіту, терендету және жүйелендіру;

- таңдап алған мамандықтары бойынша функционалдық міндеттерін орындауға студенттердің жарамдылығы;

Студенттердің дипломалды практикасы оқудың аяқтау кезеңі болып табылады, диплом алды практикасының негізгі міндеттері:

- студенттердің мамандықтар бойынша кәсіптік қызметті меңгеруі, кәсіптік ойлауын дамыту;
- мамандықтар бейінін анықтайтын пәндерді зерделеу кезінде алған практикалық білім мен дағдыларын өтеу;
- болашақ маманның өздік еңбек қызметіне кәсіптік дайындығын тексеру;
- қорытынды мемлекеттік аттестацияға дайындау үшін материалдар жинақтау (диплом қорғау).

Біліктілік практика, студенттердің кәсіптік дайындығының аяқтау кезеңі болып табылады және нақты мекеменің қызметін зерттеу негізінде арнайы пәндерді оқығанда алған білімдерін бекітуге, кеңейтуге, тереңдетуге және жүйелеуге бағытталған.

Біліктілік практикасының негізгі міндеттері:

- студенттердің мамандықтар бойынша кәсіптік қызметті меңгеруі, кәсіптік ойлауын дамыту;
- мамандықтар бейінін анықтайтын пәндерді оқығанда алған практикалық білім мен дағдыларды жұмыспен өтеу;
- болашақ маманның өздік еңбек қызметіне кәсіптік дайындығын тексеру – біліктілік емтиханын 2 кезеңмен тапсыру: I кезең – теориялық (тестілеу, теориялық білімдерін тексеру; II кезең – практикалық (наряд-тапсырма орындау);

Оқу практикасы мамандыққа байланысты өндірістік оқыту (техникалық мамандықтар бойынша) және оқу процесінің жалғасы (кәсіпорындардағы таныстыру практикасы) түрінде жүзеге асырылады.

Оқу пәндерінің жалғасы болып табылатын оқу практикалық сабақтардың тізімі ОӘБ-мен анықталады және білім беру ұйымының басшысымен бекітіледі. Оқу практикалық сабақтардың әдістемелік және материалдық дайындығы өндірістік оқыту шеберімен және колледжден практика жетекшісімен жүзеге асырылады.

Мамандыққа байланысты оқу практикасы оқу және оқу-өндірістік шеберханаларда, сондай-ақ ұйымдарда (кәсіпорындарда, мекемелерде) өткізіледі. Оқу практикасын өткізгенде оқу тобы 13 адамнан артық емес шағын топтарға бөлінеді. Оқу практикасында білім алушылардың жұмыс күнінің ұзақтығы жасына және өндірістік жағдайларға байланысты жұмысшылардың тиісті санаттарына арналған қолданыстағы еңбек туралы заңнамаға сәйкес кәсіпорындарда (ұйымдарда) 6 сағатты құрайды.

Оқу практикасы аяқталғаннан кейін білім алушыларға ҚР Білім және ғылым министрінің № 125 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес емтихан жұмыстарының негізінде баға қойылады.

Білім алушылардың оқу практикаларын орындау есебі «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығының қосымшасына сәйкес әзірленген өндірістік оқытуды есепке алу журналына жазылады.

Технологиялық практика (мамандықтар бейіні бойынша) ұйымдарда, сондай-ақ білім беру ұйымының оқу-өндірістік және оқу полигондарында өткізіледі. Практика студенттері өндірістік процестерді, аппаратураны басқаруды меңгереді, берілген пән оқытушыларының жетекшілігімен дипломдық немесе курстық тақырыптар бойынша тиісті материалдарға зерттеу жүргізеді.

Өндірістік практика қорытындылары бойынша білім алушы кәсіптік практиканың бағдарламасын орындағаны туралы еркін нысанда жазбаша есепті және «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016

жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кәсіптік практиканы өту туралы күнделік-есепті тапсырады. **(Қосымша 4.9.1)**

Тексеру жұмыстары келесі құрамдағы комиссия өткізеді: директордың ОӨІЖ жөніндегі орынбасары, практика үшін жауапты жетекші, аға шебер, базалық кәсіпорындардың өкілдері. Колледжден практика жетекшісі есептің (жұмыстың) мазмұнын, жұмыс бағдарламасының жеке тапсырмаларын орындаудың дұрыстығын тексереді. Директордың ОӨІЖ орынбасары және аға шебер күнделікті, мінездемені, жұмыстың белгіленген талаптарға сай рәсімделуін, кәсіпорын практикасының жетекшісінің өндірістік мінездемеге қойған бағасын, өндірістік (кәсіптік) практика күнделігіндегі бағаны, практика құжаттарының практиканың белгіленген талаптарға сай рәсімделуін тексереді.

Білім беру ұйымдарында өндірістік практиканың жазбаша есебі кәсіпорыннан (ұйымнан) жетекшінің ұсыныстарын ескере отырып, білім беру ұйымы бағалайды.

Оқу және (немесе) өндірістік практика аяқталғаннан кейін жұмысшы біліктілігін беру үшін білім беру ұйымы біліктілік комиссиясын құрады. Біліктілік комиссиясының отырысын өткізу орны кәсіпорынның (ұйымның) келісімімен анықталады. Комиссия құрамына кәсіпорындардың (ұйымдардың) және білім беру ұйымдарының өкілдері кіретін мүшелердің тақ санынан тұрады. Комиссия төрағасы комиссияның қызметін басқаратын кәсіпорынның (ұйымның) өкілі болып табылады, ал ол болмаған кезде – білім беру ұйымының басшысы болып табылатын төраға орынбасары. Комиссия хатшысының функцияларын комиссия мүшесі емес білім беру ұйымының өкілі орындайды. Комиссия шешімі отырысқа қатысушылардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады және еркін нысандағы хаттамамен ресімделеді.

Қандай да бір бағаның пайдасына даулы жағдайлар пайда болғанда шешуші рөлді өндірістік мінездеме атқара алады. Практиканың қорытындысын студенттің сынақ ведомосіне, сынақ кітапшасына енгізеді.

Практика қорытындысы бойынша ең жақсы нәтижелерге қол жеткізген студенттер қорытынды конференцияда есептерді қорғауға ұсынылады.

Кәсіптік практика нәтижесі бойынша қорытынды конференция, базалық кәсіпорынның өкілдері, кәсіпорынның жетекші мамандары шақырылып, директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасарының бөлімімен ұйымдастырылып, өткізіледі. Практика жетекшісі қорытынды практиканың талдауын ұсынады, студенттер атқарылған жұмысы туралы хабарламалар дайындайды, талқылауға өндірістік оқудың сапасын арттыру туралы, жас мамандардың практикалық қызметке бейімделуі, жұмыс берушілердің жас мамандарға қойылатын заманауи талаптары сұрақтар мен ұсыныстар дайындайды.

Білім беру бағдарламаларында диплом жұмысы (жоба) және есеп көзделген білім алушыларға арналған диплом алдындағы практика мамандықтар (біліктіліктер) бойынша бітіру курсына өткізіледі.

Диплом алдындағы практикаға жетекшілікті диплом жұмысының (жобасы) жетекшісі немесе осы мамандық (біліктілік) бойынша теориялық және практикалық білімдер мен дағдыларды меңгерген оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері жүзеге асырады.

Диплом алдындағы практиканың мазмұны диплом жұмысының (жоба) тақырыбымен анықталады.

Диплом алдындағы практиканың ұзақтығы Заңның 5-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес мамандықтың күрделілігіне байланысты айқындалады.

Өндірістік диплом алдындағы практика колледждің «Токарлық іс және металл өңдеу» мамандығында жүргізіледі. Ал «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы «Технолог-менеджер» біліктілігі бойынша бір бітіруші тобы болуына байланысты, өндірістік диплом алдындағы практика 2021 жылы ғана жүргізілген.

Кәсіптік практикасы нәтижесінде «Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету», «Дәнекерлеу ісі», «Токарлық іс», «Жиһаз өндірісі» мамандықтарының түлектері «Қамқор Локомотив» ЖШС-нің «Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалына, «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС-нің Жамбыл жүк тасымалы

бөлімшесі филиалына, «ЖамбылРемСервис» ЖШС-іне, «Аманбеков У.У.» ЖК, «Исмаилов А.С.» ЖК жұмысқа қабылданды.

Колледж техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары мен өндірісті интеграциялау мақсатында қазіргі таңда «Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» және «Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)» мамандықтары дуальды оқыту жүйесі бойынша жүргізіледі.

2020 жылдан бастап жұмыс берушілермен ұйымдастырылатын «Индустриалдық кеңес» (**Қосымша 4.9.2**) өз жұмысын сапалы жүргізуде. Мақсаты: Колледждің білім беру бағдарламаларының өзектілігі, сапасы мен стратегиялық қажеттілігіне қатысты консультациялар мен ұсынымдар беру.

Міндеттері:

1) колледждің білім беру бағдарламаларының өзектілігін қамтамасыз ету мақсатында мазмұнын қарастыру және жаңарту;

2) колледждің бейіні бойынша сала кәсіпорындарымен олардың практикалық сабақтарды ұйымдастыруға және түлектерді жұмысқа орналастыруға қатысуын кеңейту мақсатында байланыс жасауға жәрдемдесу;

3) түлектердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететін дағдыларды талап ететін саланың ағымдағы үрдістері, технологиялық өзгерістер туралы ақпарат беру;

4) жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу мүмкіндіктері туралы кеңес беру;

5) колледждің оқу процесіне тиісті саланың кәсіпорындарын тарту бойынша ұсыныстар қалыптастыру;

6) студенттерге стипендиялар мен сыйлықтар тағайындауға жәрдемдесу;

7) колледж зертханаларында, шеберханаларында және басқа да объектілерінде қажетті оқу-өндірістік жабдықтар бойынша консультация беру;

8) Сала кәсіпорындарымен әріптестік қарым-қатынастарды дамытуда колледжге жәрдемдесу.

Кеңес құрамына мекеме басшылары мен жауапты қызметкерлері, колледж әкімшілігі еңгізілген. Индустриалдық кеңес жұмыс жоспары колледж директорының келісімімен индустриалдық кеңестің төрағасымен бекітіліп, жоспар бойынша өткізіліп кеңестердің хаттамалары толтырылады.

Осы мақсаттағы жұмыс беруші әлеуметтік серіктестерден тұратын кеңес мүшелері жоспарлы түрде маманға қажетті перспективті жоспарлар мен оқу бағдарламаларды қарап, тиімді әдістер мен өз ұсыныстарын енгізуде. Бұл үрдіс колледждегі оқу жүйесінің жұмыс бағытын зерделеуге оң нәтиже беруде.

«Менің мамандығым - менің болашағым!», «Мамандарды дайындаудағы дуалды оқытудың мүмкіндіктері», «Тоқтаңыз! Басып кету қаупі бар!», «Абай болыңыздар, темір жол – қауіптілігі жоғары аймақ» әлеуметтік серіктестермен колледждердің бірлескен тәжірибе алмасу семинарлары, конференциялары, дөңгелек үстелдер өткізіледі. 2019 жылдан бастап облысымызда қолға алынған «Жомарт түлек» бағдарламасы негізінде жүзеге асырылып келе жатқан түлектермен кездесулер жоспар бойынша жүзеге асырылды.

2020-2021 оқу жылы

Жалпы колледж бойынша 1 семестрге 19 топта кәсіптік тәжірибеден барлығы 443 білімгер өтті. Оқу- өндірістік тәжірибесін zhambyltypo.kz/ веб-сайтында қашықтан оқыту технологиясы негізінде өтсе, 2-ші семестрде 19 топта кәсіптік тәжірибеден барлығы 443 білімгер өтті.

Дуальды оқыту бойынша 5 кәсіпорынмен («Қамқор Локомотив» ЖШС-нің «Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалы, «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС-нің Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі филиалы, «ЖамбылРемСервис» ЖШС-і, «Аманбеков У.У.» ЖК, «Исмаилов А.С.» ЖК). келісім жасалды. Дуальдық оқыту бойынша білім алушылар саны 178, оның ішінде «Теміржол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы бойынша 130 білім алушы, «Темір жол көлігінде тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы бойынша 25 білім алушы, «Жиһаз өндірісі» мамандығы бойынша 23 білім алушы.

Колледж бойынша өткізілген оқу өндірістік тәжірибелерінің барлығы мамандық ерекшелігіне байланысты бекітілген алгоритм негізінде өткізілді. Оқу жылы ішінде оқу тәжірибелерінің жүргізілуі, күнделікті білімгерлердің қатысуын директордың ОӨІЖ орынбасары және директордың «қашықтан оқыту және ақпараттық технологиялары» жөніндегі орынбасары, аға шебер, топтың өндірістік оқыту шебері тарапынан қадағаланып отырылды. Тәжірибе жетекшілерінің берген баяндау хаттары арқылы директордың ОӨІЖ орынбасары мен аға шебер тарапынан күнделікті жұмыстар жүргізіліп, мәліметтер, түсініктемелер алынып отырылды. Сонымен қатар, өндірістік тәжірибе жетекшілерінің оқыту журналдарының жүргізілуі де қадағаланып отырылды. Барлық оқу-өндірістік журналдары толық толтырылған, бағаланған. Қорытынды есептердің мазмұны мамандықтар ерекшеліктеріне сәйкес, келісім-шартқа отырған мекемелерінің өндіріс алаңдары мен нысандарының механикалық цехтарының, техникалық қызмет көрсету және компьютерлік орталықтарының жұмыстарын қашықтықтан пайдалана отырып, жазылды. 2020-21 жылдың 1-ші семестрінде өткізілген оқу өндірістік тәжірибелерінің барлығы ҚРБЖҒМ 13.08.20 ж. №345 бұйрығына 3-ші қосымшаның, 2-ші тарауының 7 –ші тармағына сәйкес оқу тәжірибесін өткізудің алгоритмі негізінде слайдтар мен видеороликтер ссыламен жіберіліп, презентация ретінде Zambultipr.kz сайтына қосымша аптасына 2-3 сабақ «ZOOM» платформасында өткізілсе, 2020-21 оқу жылының 2-ші семестрінде кәсіптік тәжірибелерін ҚР БЖҒМ 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 өзгерістер еңгізу туралы «Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру» жөніндегі әдістемелік ұсынымның 3 тарауы, «Дуальды оқыту кезінде сабақтар санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, кәсіпорындардың және ТЖКБ ұйымдарының базасында штаттық режимде өткізіледі» 48-ші тармақшасына сәйкес және ҚР Бас Мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №68 «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңмен жеңілдету туралы» қаулысының 14- тарауына сәйкес оқу процесінің 26.01.2021ж. бастап аралас форматқа көшуіне байланысты білім алып жатқан топтарда жоспарланған кәсіптік тәжірибелері келісім-шарт жасалған мекеме базасында өткізуге жіберілді.

Техникалық және кәсіптік білімді дамытуда 2021 жылдың 18 мамыр күні колледжде «Дәнекерлеу ісі», «Жиһаз өндірісі», «Токарлық іс және металл өңдеу» құзыреттіліктері және «Мобильді роботатехника» бойынша 1-2-3 курс білім алушыларының арасында колледж ұжымымен ұйымдастырылған колледжішілік «Worldskills» байқауы өткізілді. Байқау берілген тапсырмалар бойынша өткізіліп, білікті кадрларды даярлауға, кәсіби білім сапасын арттыруға және кәсіби шеберлік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік берді. Нәтижесінде қазылар алқасы мүшелерінің шешімімен мобильді роботатехника бойынша I-дәрежелі дипломмен Шегай Вячеслав, Ералы Маржан марапатталды, II-дәрежелі дипломмен Гонченко Богдан, Юлдашев Мурат марапатталды. Дәнекерлеу ісі құзыреттілігі бойынша I-дәрежелі дипломмен Пушкин Алексей марапатталды, II-дәрежелі дипломмен Черненко Олег марапатталды, III-дәрежелі дипломмен Бондаренко Юрий марапатталды және Конзычаков Сухраб пен Саримамедов Гупал алғыс хатпен марапатталды. Токарлық іс және металл өңдеу құзыреттілігі бойынша I-дәрежелі дипломмен Аязбай Батухан марапатталды, II-дәрежелі дипломмен Даулетбай Фатих марапатталды, III-дәрежелі дипломмен Абжамалов Шахрузжан марапатталды. Жиһаз өндірісі құзыреттілігі бойынша I-дәрежелі дипломмен Мамедалиев Курбан марапатталды, II-дәрежелі дипломмен Насонова Евгения марапатталды, III-дәрежелі дипломмен Умнихина Наталья марапатталды. Айта кетейін «Мобильді роботатехника» колледжімізде биыл 1-ші рет өтуде.

2021 жылы WorldSkills Jambyl - 2021 облыстық кәсіби шеберлік байқауында «Сандық бағдарламамен басқарылатын станоктарда токарлық жұмыс» құзыреттілігі бойынша колледж білімгерлері Телеус Захар Михайлович 2 орын, Аязбай Батухан Ғазизұлы 3 орынға ие болды.

2020-21 оқу жылы. Үлгерім:100%, Сапа: 91,1% Орташа балл: 4,1

№	Мамандығы	Тобы		Олардың ішінде	Пайыз	Пайыз
---	-----------	------	--	----------------	-------	-------

			Білім алушы	өте жақсы	жақсы	қанағат	үлгерімі	сапасы
1	1108000 Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»	ЭРТ-18-1	24	5	19	-	100%	100%
		ЭРТ-18-2	23	2	21	-	100%	100%
		ЭРТ-18-3	23	6	16	1	100%	95,7%
		ЭРТ-18-4	23	3	18	2	100%	91,3%
		ЭРТ-19-1	19	4	15	-	100%	100%
		ЭРТ-19-2	20	5	15	-	100%	100%
		ЭРТ-19-3	27	3	19	5	100%	81,5%
2	1303000 «Темір жол көлігіндегі автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару»	АТУ-18-1	23	7	16	-	100%	100%
		АТУ-19-1	22	3	16	3	100%	86,4%
3	1403000 «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану»	МЭС-18-1	21	2	12	7	100%	66,7%
4	1414000 «Жиһаз өндірісі»	МП-18-1	27	3	24	-	100%	100%
5	1109000 «Токарлық іс және металл өңдеу»	ТД-19-1	25	2	20	3	100%	88%
		ТД-19-2	25	3	20	2	100%	92%
		ТД-18-1	23	2	17	4	100%	82,6%
		ТД-18-2	25	3	17	5	100%	80%
		ТД-17-1	24	6	14	4	100%	83,3%
6	0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»	ОП-17-1	23	14	9	-	100%	100%
7	1203000 «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару»	ОПД-18-1	27	7	20	-	100%	100%
8	1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану»	СЭС-18-1	18	2	13	3	100%	83,3%

**«Дуальды оқыту» жүйесінде оқытылатын мамандықтар жөнінде мәлімет
2020-2021 оқу жылына**

№	Мамандық	Біліктілік	Мекеме, кәсіпорын	Курс	Білімгер саны	Келісім-шарт саны	Оқуды аяқтау мерзімі
1	1108000 «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» (түрлері бойынша)	1108072 «Электровоз машинисінің көмекшісі»	«ҚТЖ – жүк тасымалы» АҚ филиалы Жамбыл жол бөлімшесі	2	19	19	2022
2	1108000 «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» (түрлері бойынша)	1108062 «Тепловоз машинисінің көмекшісі»	«Қамқор Локомотив» ЖШС-нің «Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалы	2	20	20	2022
3	1108000 «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» (түрлері бойынша)	1108072 «Электровоз машинисінің көмекшісі»	«Қамқор Локомотив» ЖШС-нің «Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалы	3	24	24	2021
4	1108000 «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» (түрлері бойынша)	1108072 «Электровоз машинисінің көмекшісі»	«ҚТЖ – жүк тасымалы» АҚ филиалы Жамбыл жол бөлімшесі	3	23	23	2021
5	1108000 «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» (түрлері бойынша)	1108062 «Тепловоз машинисінің көмекшісі»	«Қамқор Локомотив» ЖШС-нің «Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалы	3	23	23	2021
6	1108000 «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» (түрлері бойынша)	1108012 «Слесарь вагондарды қараушы»	«ЖамбылРемСервис» ЖШС	3	21	21	2021
7	1203000 «Темір жол көлігінде тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару»	1203012 «4-ші және 5-ші кластардың теміржол	«ҚТЖ – жүк тасымалы» АҚ филиалы Жамбыл жол бөлімшесі	3	25	25	2021

		стансасының кезекшісі»					
8	1414000 «Жиһаз өндірісі»	1414072 «Ағаш және жиһаз өндірісінің шебері»	«Аманбеков У.У.» ЖК «Исмаилов А.С.» ЖК	3	23	23	2021
	3	5	5		178	178	2021-22

**«Дуальды оқыту» жүйесінде оқытылатын мамандықтар жөнінде мамандықтарға бекітілген тәлімгерлер жөнінде мәлімет
2020-2021 оқу жылына**

№	Колледж атауы	Мамандығы	Мекеме атауы	Біліктілік	Мекемедегі жетекшінің аты-жөні, байланыс телефоны	Колледждегі жетекшінің аты-жөні, байланыс телефоны
1	Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі	1108000 «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» (түрлері бойынша)	«ҚТЖ – жүк тасымалы» АҚ филиалы Жамбыл жол бөлімшесі, «Қамқор Локомотив» ЖШС-нің «Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалы	1108072 «Электровоз машинисінің көмекшісі»	Темирбеков Танат Булатович Ауысым шебері 87477347000 Аманбаев Көкірек Жылжымалы құрам слесарі 87072737226 Абдуллаев Алимурат Электрмеханигі 87072788932 Калыбаев Нұрсұлтан Рашидұлы Ауысым шебері 87081621060 Адиль Нуржан Технолог 87004707088 Икласов Бахтияр Шебер 87778751457	Медербеков Самат Маратович оқу-өндіріс шебері 87077128222 Сейсебаев Куантай Набиевич оқу-өндіріс шебері 87472361500 Ауганбаев Бекболат Мухтарович оқу-өндіріс шебері Матербеков Нурбол Берикбаевич оқу-өндіріс шебері 87475838689 Абельдинова Эльмира Роллановна оқу-өндіріс шебері 87471231235
2		1108000 «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану,	«Қамқор Локомотив» ЖШС-нің «Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалы	1108062 «Тепловоз машинисінің көмекшісі»	Сыздықов Алмаз Рыспекович Аға шебері 87072755245 Далиев Алтынбек Сегизбаевич Жылжымалы құрам слесарі 87057031621	Рахымжан Бауыржан Дінмұхамедұлы оқу-өндіріс шебері 87009979519

	жөндеу және техникалық қызмет көрсету» (түрлері бойынша)			Молдабаев Берик Сагынғалиевич Электрмеханигі 87084874214 Серикбаев Берик Аға шебері 87477179078	Ускембаев Болат Жұмабекұлы оқу-өндіріс шебері 87003030587 Баяков Адилхан Турегалиевич оқу-өндіріс шебері 87765267878
3	1108000 «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» (түрлері бойынша)	«ЖамбылРемСервис» ЖШС	1108012 «Слесарь вагондарды караушы»	Ташмаханбетов Данияр Сержанович Бас директорының вагондарды жөндеу ісі жөніндегі орынбасары 87021324052 Нурсеитов Ерлан Есенбекович Бұзылмайтын бақылау шебері 87086366341	Мырзабаев Талгат Азимханович оқу-өндіріс шебері 87479525290
4	1203000 «Темір жол көлігінде тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару»	«ҚТЖ – жүк тасымалы» АҚ филиалы Жамбыл жол бөлімшесі	1203012 «4-ші және 5-ші кластардың теміржол стансасының кезекшісі»	Бейсембаев Мурат Сарсенбекович 1-ші категориялы инженер 87477120095 Сейіл Ғалымжан Бақытханұлы Станса кезекшісі 87071363538	Костаева Альжана Тулебековна оқу-өндіріс шебері 87477127538 Махамбетова Акмарал Жарылқапбергеновна 87013545006
5	1414000 «Жиһаз өндірісі»	«Аманбеков У.У.» ЖК ИП "Мунар"	1414072 «Ағаш және жиһаз өндірісінің шебері»	Аманбеков Уалихан Умиркулович «Аманбеков У.У.» ЖК басшысы 87059691610 Исмаилов Мунар Сисенбайұлы ИП «Мунар» басшысы 87470502445	Нурсеитов Есенбек Зиилдаевич оқу-өндіріс шебері Баядилов Эрлан Панаевич оқу-өндіріс шебері 87474119284

2021-2022 оқу жылы

Өндірістік тәжірибелерінің ұйымдастырылуы. Жалпы колледж бойынша 2021-2022 оқу жылының 1 семестрінде 16 топта барлығы 343 білімгер оқу- өндірістік тәжірибесінен өтсе, 2 семестр бойынша оқу жылының соңына студенттердің академиялық демалыс алуларына, денсаулықтарына, басқа оқу орнына, бала күтіміне т.б жағдайларға байланысты студенттер саны 16 топта барлығы 333 студент оқу-өндірістік тәжірибесінен өтті.

Дуальды оқыту бойынша 2 кәсіпорынмен («Қамқор Локомотив» ЖШС-нің «Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалы және «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС-нің Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі филиалы) келісім жасалды. Дуальдық оқыту бойынша оқитындар білім алушылар саны –39 («Теміржол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы)

Колледж бойынша өткізілген оқу-өндірістік тәжірибелерінің жүргізілуі, күнделікті білімгерлердің қатысуын директордың ОӨДЖ орынбасары, аға шебер, топтың өндірістік оқыту шебері тарапынан қадағаланып отырылды. Тәжірибе жетекшілерінің берген баяндау хаттары арқылы директордың ОӨДЖ орынбасары мен аға шебер тарапынан күнделікті жұмыстар жүргізіліп, мәліметтер, түсініктемелер алынып, оқу- өндірістік тәжірибе жетекшілерінің оқыту журналдарының жүргізілуі де қадағаланып отырылды. Бүгінгі күнге, барлық оқу-өндірістік журналдары толық толтырылған, бағаланған. Сонымен қатар, оқу семестрі ішінде барлық кәсіптік тәжірибелерінің қорытынды есептері оқу-өндірістік тәжірибе жетекшісі мен аға шеберімен тексеріліп, кемшіліктерімен қайтарылып, жөнделіп, мұрағатқа өткізілді. Барлық өндірістік тәжірибелердің күнтізбелік тақырыптық жоспарлары мен жұмыс бағдарламалары мекеме басшыларымен мен келісіліп, колледж директорымен бекітілген.

Техникалық және кәсіптік білімді дамытуда 2022 жылдың 15 сәуір күні Тараз теміржол көлік коммуникация колледжінде «Дәнекерлеу ісі», «Ұсталық іс», «Сандық бағдарламамен басқарылатын станоктарда токарлық жұмыс» құзыреттіліктері және «Мобильді робототехника» бойынша 1-2-3 курс білім алушыларының арасында колледжішілік «Worldskills» байқауы өткізілді. Байқау білікті кадрларды даярлауға жаңа идеялар мен трендтер жасауға, кәсіби білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді және кәсіби шеберлік дағдыларын жетілдіреді. Мобильді робототехника бойынша I-дәрежелі дипломмен Гонченко Богдан, Даутов Хаят марапатталды, II-дәрежелі дипломмен, Рахманбеков Нұртілеухан, Орынбек Айболат марапатталды, III-дәрежелі дипломмен Ескер Али, Есенгелді Айқын марапатталды. Дәнекерлеу ісі құзыреттілігі бойынша I-дәрежелі дипломмен Приставка Максим марапатталды, II-дәрежелі дипломмен Ермек Сержан марапатталды, , III-дәрежелі дипломмен Какалов Базар-Али марапатталды және Чижов Иван алғыс хатпен марапатталды. Сандық бағдарламамен басқарылатын станоктарда токарлық жұмыс құзыреттілігі бойынша I-дәрежелі дипломмен Арымбасаров Мадияр марапатталды, II-дәрежелі дипломмен Магамадов Даим марапатталды, III-дәрежелі дипломмен Алишеров Мурат марапатталды және Новиков Никита алғыс хатпен марапатталды. Ұсталық іс құзыреттілігі бойынша I-дәрежелі дипломмен Ибрагимов Интояр марапатталды, II-дәрежелі дипломмен Релин Николай марапатталды, III-дәрежелі дипломмен Мурзахметов Кауан марапатталды.

2022 жылы WorldSkills Jambyl - 2022 облыстық кәсіби шеберлік «Сандық бағдарламамен басқарылатын станоктарда токарлық жұмыс» құзыреттілігі бойынша Кеслер Артур Станиславович 2 орын, «Пісіру технологиялары» бойынша Маратбек Дулат Байкенұлы 3 орын, «Мобильді робототехника» бойынша Рахманбеков Нұртілеухан Дидарұлы, Гонченко Богдан Алексеевич 3 орынды иеленді.

2021-22 оқу жылы. Үлгерім:100%, Сапа: 93,9% Орташа балл: 4,0

№	Мамандығы	Тобы	Білім алушы	Олардың ішінде			Пайыз үлгерімі	Пайыз сапасы
				өте жақсы	жақсы	қанағат		
1	1108000 «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»	ЭРТ-20-1	19	-	19	-	100%	100%
		ЭРТ-20-2	22	5	14	3	100%	86,4%
		ЭРТ-19-1	20	7	12	1	100%	95%
		ЭРТ-19-2	21	1	19	1	100%	95,2%
		ЭРТ-19-3	25	-	25	-	100%	100%
2	1303000 «Темір жол көлігіндегі автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару»	АТУ-20-1	17	1	9	7	100%	58,8%
		АТУ-19-1	16	3	11	2	100%	87,5%
3	1403000 «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану»	МЭС-20-1	19	2	16	1	100%	94,7%
4	1414000 «Жиһаз өндірісі»	МП-20-1	19	2	17	-	100%	100%
5	1109000 «Токарлық іс және металл өңдеу»	ГД-20-1	23	1	11	11	100%	52,2%
		ГД-19-1	22	1	21	-	100%	100%
		ГД-19-2	24	5	13	6	100%	75%
		ГД-18-1	22	1	21	-	100%	100%
		ГД-18-2	21	1	11	9	100%	57,1%
6	10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»	ОП-20-1	12	5	7	-	100%	100%
7	1203000 «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару»	ОПД-20-1	20	-	20	-	100%	100%

**«Дуальды оқыту» жүйесінде оқытылатын мамандықтар жөнінде мәлімет
2021-2022 оқу жылына**

№	Мамандық	Біліктілік	Мекеме, кәсіпорын	Курс	Білімгер саны	Келісім-шарт саны	Оқуды аяқтау мерзімі
1	1108000 «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» (түрлері бойынша)	1108072 «Электровоз машинисінің көмекшісі»	«ҚТЖ – жүк тасымалы» АҚ филиалы Жамбыл жол бөлімшесі	3	19	19	2022
2	1108000 «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» (түрлері бойынша)	1108062 «Тепловоз машинисінің көмекшісі»	«Қамқор Локомотив» ЖШС-нің «Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалы	3	20	20	2022
1		2	2		39	39	2022

**«Дуальды оқыту» жүйесінде оқытылатын мамандықтар жөнінде мамандықтарға бекітілген тәлімгерлер жөнінде мәлімет
2021-2022 оқу жылына**

№	Колледж атауы	Мамандығы	Мекеме атауы	Біліктілік	Мекемедегі жетекшінің аты-жөні, байланыс телефоны	Колледждегі жетекшінің аты-жөні, байланыс телефоны
1	Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі	1108000 «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» (түрлері бойынша)	«ҚТЖ – жүк тасымалы» АҚ филиалы Жамбыл жол бөлімшесі,	1108072 «Электровоз машинисінің көмекшісі»	Егембердиев Алмас Маратович Машинист-нұсқаушы 87766268897	Медербеков Самат Маратович оқу-өндіріс шебері 87077128222
2		1108000 «Темір жол жылжымалы	«Қамқор Локомотив» ЖШС-нің	1108062 «Тепловоз	Темирбеков Танат Булатович Ауысым шебері 87477347000	Ускембаев Болат Жұмабекұлы оқу-өндіріс шебері 87003030587

		құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» (түрлері бойынша)	«Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалы	машинисінің көмекшісі»		
--	--	--	---	------------------------	--	--

2022-2023 оқу жылы

Студенттердің іс-тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруда оқу процесінің кестесіне сәйкес өткізілетін оқу-танысу тәжірибелерінің бірінші бөлігі колледжбен келісім-шартқа отырған мекемелердің құрылымдары, өндіріс алаңдары мен нысандарының механикалық цехтарының, техникалық қызмет көрсету және компьютерлік орталықтарының жұмыстары таныстырылса, тәжірибенің екінші бөлімінде мамандықтар бойынша алынған заманауи қондырғыларды орналастыруда, іске қосуда жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстырылады. Оқу тәжірибелеріне шығар алдында аға шебер тарапынан тәжірибе жетекшілерімен бірлесе отырып, оқу тәжірибесінің кестесі жасалып, директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасарымен келісіліп, директормен бекітіледі. Бүгінгі күнге, 2022-2023 оқу жылының басынан 8 мамандықтан оқу және өндірістік оқыту тәжірибелелері өткізілген болса, олардың барлығына қосышада көрсетілген «оқу тәжірибе кестелері» жасалып бекітілген (**Қосымша 4.9.3**). Дуальды оқыту бойынша 5 кәсіпорынмен келісім жасалды. Атап айтсақ «Қамқор Локомотив» ЖШС-нің «Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалы, «Энерджи-Тараз» ЖШС-і, «БИНОМ» ЖШС-і, «АгроКалибрСервис» ЖШС-і және «Т.И.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ-ы. «Теміржол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы бойынша – 100 білім алушы, «Дәнекерлеу ісі» мамандығы бойынша – 15 білім алушы, яғни барлығы - 115 білім алушы дуалды оқыту жүйесі бойынша ұшжақты келісім шарттар жасалды.

**«Дуальды оқыту» жүйесінде оқытылатын мамандықтар жөнінде мәлімет
2022-2023 оқу жылына**

№	Мамандық	Біліктілік	Мекеме, кәсіпорын	Курс	Білімгер саны	Келісім-шарт саны	Оқуды аяқтау мерзімі
1	07160500 «Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»	3W07160501 «Локомотив машинисының көмекшісі (түрлері бойынша)»	«Қамқор Локомотив» ЖШС-нің «Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалы	1-2	100	100	2024-2025
2	07150500 «Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)»	3W07150501 «Электргазымен дәнекерлеуші»	«Энерджи-Тараз» ЖШС-і, «БИНОМ» ЖШС-і, «АгроКалибрСервис» ЖШС-і және «Т.И.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ-ы	2	15	15	2023
2		2	5		115	115	2023, 2024, 2025

**«Дуальды оқыту» жүйесінде оқытылатын мамандықтар жөнінде мамандықтарға бекітілген тәлімгерлер жөнінде мәлімет
2022-2023 оқу жылына**

№	Колледж атауы	Мамандығы	Мекеме атауы	Біліктілік	Мекемедегі жетекшінің аты-жөні, байланыс телефоны	Колледждегі жетекшінің аты-жөні, байланыс телефоны
1	Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі	07160500 «Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»	«Қамқор Локомотив» ЖШС-нің «Тараз локомотив жөндеу депосы» филиалы	3W07160501 «Локомотив машинисының көмекшісі (түрлері бойынша)»	Темирбеков Танат Булатович Ауысым шебері 87477347000 Сыздықов Алмаз Рыспекович Аға шебері 87072755245	Медербеков Самат Маратович оқу-өндіріс шебері 87077128222 Сейсебаев Куантай Набиевич оқу-өндіріс шебері 87472361500 Ускембаев Болат Жұмабекұлы оқу-өндіріс шебері 87003030587

						Мырзабаев Талгат Азимханович оқу- өндіріс шебері 87479525290
2		07150500 «Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)»	«Энерджи-Тараз» ЖШС-і, «БИНОМ» ЖШС-і, «АгроКалибрСервис» ЖШС-і, «Т.И.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ-ы	3W07150501 «Электргазымен дәнекерлеуші»	Ибрагимов Мурат Магамедович механикалық жинау цехының шебері 87774646040 Сапақбаев Аян Амангелдіұлы шебер 87082108975 Волосач Валерий Дмитриевич токарлық бөлімшесінің цех бастығы 87775105312 Раджамов Рашид Мехиевич советник ген.директора по правовым и кадровым вопросам 87777230230	Мельник Никита Игоревич оқу-өндіріс шебері 87767258642

4.10. Бақылаудың әр түрлері арқылы оқу нәтижелерінің жетістіктерін бағалауды жүргізу: үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау

Білім алушылардың оқудан өту процесінде алған білімдерін, дағдылары мен қасиеттерін бағалау тетігі «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылаудың, аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығында (ҚР БҒМ 28.08.2020 жылғы № 373 бұйрығына сәйкес өзгертулер мен толықтырулармен) көрсетілген.

Бағалау тетігі ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды қамтиды.

1 және 2 курс білім алушыларының білім сапасына ағымдағы бақылау колледжде жұмыс істейтін білім жетістіктерінің балдық-рейтингтік әріптік жүйесі шеңберінде жүргізіледі-100 балдық шкала, бес балдық цифрлық жүйеде 3 курс студенттері үшін (5-өте жақсы, 4-Жақсы, 3-қанағаттанарлық, 2 - қанағаттанарлықсыз).

Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау әрбір мамандық бойынша колледждің оқу процесінің кестесіне сәйкес жүргізіледі. **(4.10.1 қосымша)**

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізу нысандарын педагог оқу материалының мақсаты мен мазмұнын ескере отырып айқындайды .

Оқыту нәтижелерін бағалау үшін ЦӘК оқытушылары ағымдағы бақылауды пайдаланады, оның көмегімен оқу барысында теориялық және практикалық сипаттағы оқытылған оқу материалын игеру сапасының дәрежесі анықталады. Бұл әр практикалық сабақта студенттердің білімін диагностикалау, белгілі бір тақырыптың оқу материалын игеру дәрежесі, пәннің оқу бағдарламасына сәйкес студенттердің оқу іс-әрекетінің жүйелілігі мен жүйелілігі бағаланады. Студенттердің үлгеріміне ағымдағы бақылау оқу сабақтарының кестесіне сәйкес жүргізіледі. Негізгі формалары: ауызша сауалнама (фронтальды сауалнама), жазбаша тапсырмалар (тест, тест, диктант, есептерді шешу), сөйлеу, жазбаша және компьютерлік тестілеу. Оқу нәтижелерін тұтастай тексеру және толық көлемде студент алған базалық және кәсіби құзыреттер жиынтығын бағалауға мүмкіндік береді. Алынған құзыреттер практикалық тапсырмаларды орындау кезінде бағаланады.

Бақылау-бағалау іс-шаралары барысында алынған бағалар оқу пәні мен практика түрі бойынша семестрлік бағаны қою кезінде басым болып табылады.

Колледжде студенттерді аралық аттестаттау МЖМБС, академиялық күнтізбеге және МЖМБС негізінде әзірленген кәсіптік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Студенттерді аралық аттестаттау сынақтар мен емтихандарды тапсыру нысанында жүзеге асырылады. Емтихандар кестеге сәйкес өткізіледі және пәннің барлық кәсіптік оқу бағдарламасы бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру нысаны ретінде қызмет етеді және академиялық кезеңдегі оқу жетістіктерін бағалау мақсатын көздейді. Оқытудың барлық нысандары үшін емтихан кестесін директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары жасайды, колледж директоры бекітеді және емтихан сессиясы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей студенттер мен оқытушылардың назарына жеткізіледі. **(4.10.2 қосымша).**

Емтихандар ауызша және жазбаша түрде өткізіледі.

Аралық және қорытынды аттестаттаудың қорытындылары "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, арнайы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес ресімделеді. **(4.10.3 қосымша)**

Студенттердің үлгерімі мен білім сапасының қорытындысы

Мамандық	Оқу жылы	Барлық білім алушылар, адам	Үлгерім, %	Сапалық көрсеткіші, %
Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету	2020-2021	208	100	59
	2021-2022	181	100	67,3
	2022-2023	209	100	76
Теміржол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру және басқару	2020-2021	20	100	64,5
	2021-2022	20	100	72,5
	2022-2023	20	100	59,1
Автоматика, телемеханика және теміржол көлігінде қозғалысты басқару	2020-2021	64	100	66
	2021-2022	42	100	64,45
	2022-2023	66	98	64
Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану	2020-2021	18	100	64,6
	2021-2022	-	-	-
	2022-2023	-	-	-
Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану	2020-2021	41	100	54
	2021-2022	19	100	75,8
	2022-2023	18	100	94
Жиһаз өндірісі	2020-2021	44	100	45,1
	2021-2022	19	100	41
	2022-2023	42	100	36,6
Тамақтандыруды ұйымдастыру	2020-2021	40	100	45,35
	2021-2022	40	100	47
	2022-2023	34	100	77
Токарлық іс және металл өңдеу	2020-2021	123	100	41
	2021-2022	93	100	50,8
	2022-2023	113	96	54,5
Дәнекерлеу ісі	2021-2022	15	100	45,4
	2022-2023	65	100	59,8
Төтенше жағдайда қорғау	2022-2023	20	100	45,4

Теориялық және өндірістік оқытуды есепке алу журналы оқытушылармен сабақ барысында толтырылады, оқу бөлімі оқытушылармен оқу бағдарламаларының орындалуы бойынша оқу сағаттар есепке алады. **(4.10.4 қосымша)**

"Platonus" электрондық платформасына сілтеме <http://78.40.108.172:8084/> логин:Зав_уч_части, пароль-Z12345

Түлектердің білімін, іскерлігін, дағдылары мен құзыреттерін бақылау білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу кезінде жүзеге асырылады. ББ мамандықтары үшін қорытынды аттестаттау кешенді емтихан түрінде өткізіледі.

Қорытынды біліктілік емтиханы колледждің оқу-өндірістік шеберханалары мен зертханаларында әрбір жұмыс біліктілігін игергеннен кейін өткізіледі. (бағаланатын кезеңдегі білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамаларының көшірмелері қоса беріледі) **(4.10.5-қосымша)**.

Колледжде білім алушыларды қорытынды аттестаттау оқу процесінің кестесінде және МЖМБС және ТЖБ белгілеген нысанда ТЖБ көзделген мерзімдерде жүргізіледі. Бітіруші

топтар үшін қорытынды аттестаттау кестесін колледж директоры ол басталғанға дейін бір ай бұрын бекітеді. **(4.10.6 қосымша)**

Қорытынды аттестаттауды өткізу үшін Мемлекеттік аттестаттау комиссия қалыптастырылады, ол ТЖКБ оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын басшылыққа алады (ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы). **(4.10.7 қосымша)**

Қорытынды аттестаттау жалпы оқу нәтижелерін тексеруге қызмет етеді және студенттің алған білім беру және кәсіби құзыреттіліктерінің жиынтығын толық бағалауға мүмкіндік береді. Аттестаттау комиссиясының құрамы кәсіпорындардың білікті мамандары мен колледждің алқалы басқару органдарының өкілдерінен құралады. Кәсіпорындардың басшылары, жетекші мамандары аттестаттау комиссиясының төрағалары болып табылады.


Мак төрағалары мен мүшелері ұсыныстар енгізеді және ұсыныстар береді. Ұсынымдар мен ұсыныстар ЦӘК отырыстарында қаралады және талқыланады, МАК төрағаларының ескертулерін жою және ұсынымдарын орындау үшін іс-шаралар кешені қабылданады. **(4.10.8 қосымша)**

**Қорытынды аттестаттау сапасының мониторингі
2020-2021 оқу жылы**

№	мамандығы	ТОБЫ	Түлектер саны	олардың			Үлгерім %	Білім сапасы %
				өте жақсы	жақсы	қанағат		
1	1108000 «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету»	ЭРТ-18-1	24	2	17	5	100%	79,17
		ЭРТ-18-2	23	2	14	7	100%	69,57
		ЭРТ-18-3	23	3	17	3	100%	86,96
		ЭРТ-18-4	23	3	14	6	100%	73,91
	Барлық мамандығы бойынша		93	10	202	21	100%	77,4
2	1203000 «Теміржол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру және басқару»	ОПД-18-1	27	8	14	5	100%	81,48
3	1303000 «Автоматика, телемеханика және темір жол көлігінде қозғалысты басқару»	АТУ-18-1	23	6	11	6	100%	73,91
4	1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану»	СЭС-18-1	18	0	10	8	100%	55,56
5	1403000 «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану»	МЭС-18-1	21	0	9	12	100%	42,86
6	1414000 «Жиһаз өндірісі»	МП-18-1	27	6	19	2	100%	92,59
7	0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»	ОП-17-1	23	14	9		100%	100
8	1109000 «Токарлық іс және металл өңдеу»	ТД-17-1	24	6	6	12	100%	50
	Жиынтығы	11	256	50	140	66	100%	73.3%

2021-2022 оқу жылы

№	мамандығы	ТОБЫ	Түлектер саны	олардың			Үлгерім %	Білім сапасы %
				өте жақсы	жақсы	қанағат		
1	1108000 «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету»	ЭРТ-19-1	20	6	11	3	100%	85
		ЭРТ-19-2	21	2	15	4	100%	80,9
		ЭРТ-19-3	25	5	19	1	100%	96
2	1303000 «Автоматика, телемеханика және темір жол көлігінде қозғалысты басқару»	АТУ-19-1	16	1	11	4	100%	75
3	1109000 «Токарлық іс және металл өңдеу»	ТД-18-1	22	1	10	11	100%	50
		ТД-18-2	19	3	11	5	100%	73,7
Жиынтығы		6	123	18	77	28	100%	76,7%



4.11 Білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ТжКБ білім беру бағдарламасын ішінара немесе толық игеруді көздейтін инклюзивті білім беру жағдайында (сақталмаған интеллектісі бар адамдар болған кезде) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқыту үшін әзірленген арнайы оқу бағдарламаларының болуы

Колледжде осындай студенттер контингентінің болмауына байланысты білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ТжКБ білім беру бағдарламасын ішінара немесе толық игеруді көздейтін инклюзивті білім беру жағдайында (сақталмаған интеллектісі бар адамдар болған кезде) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқытуға арналған арнайы оқу бағдарламалары әзірленбеген.

4.12. Білім алушылардың физикалық бұзушылықтары мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ТжКБ мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының негізінде инклюзивті білім беру жағдайында (сақталған интеллектісі бар адамдар болған кезде) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқыту үшін әзірленген жеке оқу бағдарламалары мен жоспарларының болуы

Колледжде оқушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды инклюзивті білім беру ортасында оқытудың жеке оқу жоспарлары мен жоспарлары әзірленбеген, себебі мұндай студенттер контингентінің болмауына байланысты бейімделген бағдарламалар негізінде мамандарды дайындайтын инклюзивті топ ашылмаған.

Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар

4.13. Күндізгі оқу нысанындағы міндетті оқу жүктемесін, сондай-ақ факультативтік сабақтар мен консультацияларды қоса алғанда, аптасына білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі және сақталуы

Колледжде жұмыс оқу жоспарын жасау кезінде МЖМБС ТЖКБ талаптарына сәйкес оқу жылының ұзақтығы сақталады:

- оқу жылында барлығы 52 апта, оның ішінде міндетті оқуға 40 апта. Демалыс уақыты жылына 11 аптаны құрайды, оның ішінде қыс мезгілінде -2 апта, 1 апта-мереке күндері;

- Оқу уақытының жалпы көлемі аптасына кемінде 36 сағат міндетті оқу жүктемесі есебінен айқындалады (бұл ретте көрсетілген көлемге факультативтер мен консультациялар енгізілмейді), білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі аптасына 54 сағаттан аспайды;

-1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең, 1 оқу жылына 60 кредит жоспарланған;

- жалпы білім беру пәндері - 60 кредит / 1440 сағат

Екі академиялық сағаттан кейін 10 минуттық үзіліс, сонымен қатар студенттердің тамақтануы мен белсенді демалысы үшін 20 минуттық үзіліс қарастырылған. **(4.13.1 қосымша)**

Мамандықтардың жұмыс оқу жоспарларында өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың көлемі кәсіптік модульдерге жоспарланған Оқу уақытының жалпы көлемінің кемінде 40% - құрайды.

Дуальді оқытуды пайдалана отырып, білім беру бағдарламаларында колледжде Теориялық оқыту және кәсіпорын базасында өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың кемінде 60% - ы көзделеді.

Колледжде МЖМБС ТЖКБ талаптарына сәйкес жеке қабілеттерін дамыту және білім алушыларға көмек көрсету үшін жыл сайын жұмыс оқу жоспары шеңберінде факультативтік сабақтар мен консультациялар жоспарланады және іске асырылады.

Факультативтік сабақтар бұл міндетті оқытуға кірмейтін таңдалған мамандық шеңберінде білім алушылардың білімін тереңдету, қызығушылықтарын, қабілеттерін дамыту мақсатында қосымша оқыту.

Колледжде факультативтік сабақтар аптасына 4 сағаттан аспайтын есебінен жоспарланады **(4.13.2 қосымша)**.

2020-2021 оқу жылына факультатив сабақтар есебінен: Биология-38 сағат, робототехника-36 сағат, Кәсіпкерлік қызмет негіздері – 36 сағат; Тарихи өлкетану -36 сағат; Әдеби өлкетану - 36 сағат бөлінді және оқу жылы ішіне қарай әр курсқа кәсіптік бағытында қарастырылады

2021-2022 және 2022-2023 оқу жылына факультатив сабақтар есебінен: Тарихи өлкетану - 36сағат; Әдеби өлкетану - 36 сағат ,робототехника-48 сағат, волонтерлік және қайырымдылық-24 сағат бөлінді және оқу жылы ішіне қарай әр курсқа кәсіптік бағытында қарастырылады

Әр оқу жылына 100 сағаттан аспайтын консультациялар мамандықтардың оқу жұмыс жоспарларына сәйкес жоспарланады. Бекітілген емтихан кестесіне сәйкес әр емтихан алдында пәндер/модульдер бойынша консультациялар өткізіледі.

Күндізгі оқу нысанындағы міндетті оқу жүктемесін қоса алғанда, білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі аптасына 54 сағаттан аспайды – аптасына кемінде 36 сағат, сондай-ақ факультативтік сабақтар мен консультациялар.

Колледж студенттерінің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі мен сақталуын колледждің оқу процесінің кестесін оқу арқылы тексеруге болады(**4.13.3 қосымша**)

Колледжде оқу тек күндізгі бөлімде жүргізіледі, кешкі және сырттай оқыту жоқ.

4.14 Міндетті оқытуға арналған оқу уақытының көлемін сақтау

Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар апталық оқу жүктемесін, оқу жылының ұзақтығын, міндетті оқу уақытының көлемін қамтиды.

Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі күндізгі оқыту нысанында аптасына кемінде 36 сағат міндетті оқу жүктемесін қоса алғанда, аптасына 54 сағаттан аспауы тиіс.

Теориялық оқытудың күндізгі нысаны кезінде оқу уақытының жалпы көлемі аптасына кемінде 36 сағат болатын міндетті оқу жүктемесі есебінен айқындалады (бұл ретте көрсетілген көлемге факультативтік пәндер бойынша сабақтар мен консультациялар кірмейді).

Міндетті оқу уақытының көлемі жылына 1440 сағатты құрайды.

2020-2021 оқу жылы «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 5-қосымшасына сәйкес оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі анықталды:

Негізгі орта білім базасында:

2 жыл 10 ай мерзімдегі оқыту нысанында міндетті оқыту қорытындысы - 4320 сағат

3 жыл 10 ай мерзімдегі оқыту нысанында міндетті оқыту қорытындысы - 5760 сағат

2021-2022 оқу жылында

Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі күндізгі оқыту нысанында міндетті оқу жүктемесін – аптасына кемінде 36 сағат, сондай-ақ факультативтік сабақ пен консультацияны қоса алғанда 54 сағаттан аспайды.

Әрбір оқу жылына арналған міндетті оқу уақытының көлемі 60 кредит/1440 сағатты құрайды.

Білім алушылардың жеке қабілеттерін дамыту және көмек көрсету үшін факультативтік сабақтар мен консультациялар қарастырылған.

Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгеретін оқыту нәтижелері бойынша кредитпен/сағатпен өлшенеді.

1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 5-қосымшасы (ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.07.2021 № 362 бұйрығы) және ҚР Білім және ғылым министрінің №553 бұйрығымен бекітілген Типтік оқу жоспарына сәйкес білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі басшылыққа алынды:

Негізгі орта білім базасында:

1жыл 10ай мерзімдегі оқыту нысанында міндетті оқыту қорытындысы - 120 кредит/2880 сағат.

2 жыл 10 ай мерзімдегі оқыту нысанында міндетті оқыту қорытындысы - 180 кредит/4320 сағат.

2022-2023 оқу жылында

Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі күндізгі оқыту нысанында міндетті оқу жүктемесін – аптасына кемінде 36 сағат, сондай-ақ факультативтік сабақ пен консультацияны қоса алғанда 54 сағаттан аспайды.

Әрбір оқу жылына арналған міндетті оқу уақытының көлемі 60 кредит/1440 сағатты құрайды.

Білім алушылардың жеке қабілеттерін дамыту және көмек көрсету үшін факультативтік сабақтар мен консультациялар қарастырылған.

Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгеретін оқыту нәтижелері бойынша кредитпен/сағатпен өлшенеді.

1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 5-қосымшасы (ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.07.2021 № 362 бұйрығы) және ҚР Білім және ғылым министрінің №553 бұйрығымен бекітілген Типтік оқу жоспарына сәйкес білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі басшылыққа алынды:

Негізгі орта білім базасында:

1 жыл 10 ай мерзімдегі оқыту нысанында міндетті оқыту қорытындысы - 120 кредит/2880 сағат.

2 жыл 10 ай мерзімдегі оқыту нысанында міндетті оқыту қорытындысы - 180 кредит/4320 сағат.

Жалпы орта білім базасында:

10 ай мерзімдегі оқыту нысанында міндетті оқыту қорытындысы - 60 кредит/1440 сағат.

4.15 Білім алушының әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгерген оқу нәтижелері бойынша оқу жүктемесінің көлемін сақтау

Оқу жұмыс жоспарларының мазмұны оқытудың аяқталған кезеңдері ретінде модульдер түрінде ұсынылады және кәсіби қызметтің (Біліктіліктің) жекелеген түрлерін орындау үшін қажетті білімді, іскерлікті және құзыреттілікті игеруге бағытталған. Оқу жұмыс жоспарлары тиісті білім беру деңгейіндегі білім алушылардың оқу модульдерін немесе оқу пәндерін, практикаларын, оқу қызметінің өзге де түрлерін зерделеуді бақылаудың тізбесін, реттілігін, көлемі мен нысанын регламенттейді. МЖМБС үлгісіне сәйкес колледж теміржол көлігі бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білім беру мамандарын дайындайды. Оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (2021 жылғы 23 шілдедегі № 362 бұйрыққа 1-қосымша), мамандықтың үлгілік оқу жоспарларына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығы), сондай-ақ Білім және ғылым министрінің бұйрығы негізінде жасалды Мамандықтың кәсіби стандартын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 қаулысымен бекітілген.

Колледж академиялық дербестік негізінде пәндер бойынша кредиттерді / сағаттарды бөлуді жүргізеді.

Келесі негізгі Модульдер Барлық мамандықтар үшін ортақ және міндетті болып табылады:

- 1) физикалық қасиеттерді дамыту және жетілдіру;
- 2) ақпараттық-коммуникациялық цифрлық технологияларды пайдалану;
- 3) экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану ;
- 4) қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану(тек 07140700 "Теміржол көлігіндегі Автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару" мамандығы бойынша (4.3.1 РУПл қосымша).

Модульдер міндетті оқытуға бөлінген кредиттердің жалпы санын сақтай отырып, семестрлерге бөлінеді. Оқу уақытының көлемін оқу қызметінің түрлері мен нысандары бойынша, сондай-ақ семестрлер бойынша бөлу кредиттерде есептеледі.

Модульдік-біліктілік тәсілі теориялық дайындық пен практикалық жұмыс арасындағы, жұмыс берушілердің талаптары мен кәсіптік даярлаудың оқу бағдарламалары арасындағы оңтайлы қатынасты анықтау міндетін қояды. Оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеудің модульдік тәсілі кезінде кәсіби қызметтің (құзыреттің) әрбір түрі үшін жеке модуль әзірленеді.

Біліктілік тәсілі базалық және кәсіптік құзыреттерді қалыптастыруды, оның ішінде оқытудың модульдік технологиясын енгізуді қарастырады, ал модульдік білім беру бағдарламаларының мазмұны мамандық бойынша қаралатын біліктілік деңгейінде базалық және кәсіптік құзыреттерді меңгеруді қамтамасыз етеді.

Мамандықтар бойынша оқу жұмыс жоспарлары еңбек нарығының қажеттіліктеріне, жұмыс берушілердің талаптарына, МЖМБС талаптарына байланысты жыл сайын қайта қаралады және жаңартылады.

Оқыту модульдерінің (пәндерінің) мазмұны, тақырыптарды оқып-үйрену реттілігі және олардың өзара байланысы ТООБ, ЖООБ, КТЖ, оқу процесінің кестесі, оқу-өндірістік практика бағдарламалары негізінде анықталады.

Колледж ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген техникалық деңгейдегі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі – МБСҰ) талаптарына сәйкес мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу жұмыс жоспарларын дербес әзірлейді. Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 31 қазандағы № 604. (2022 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 5-қосымшаға сәйкес)

2020-2021 жылдары мамандықтар бойынша оқу жұмыс жоспарлары, мамандықтар бойынша үлгілік оқу жоспарлары негізінде оқыту нәтижелеріне бағытталған мамандықтардың барлық модульдері (пәндері) әзірленді (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің қазандағы бұйрығы. 31. 2017 ж. № 553) "Орта білім беру ұйымдарын жүргізу үшін педагогикалық қызметкерлерге қажетті құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес нысан бойынша. , техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім және олардың нысандары» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20317 болып тіркелген).

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығына сәйкес бекітілген нысанға сәйкес әзірленді. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылы 18 қыркүйекте № 24429 болып тіркелді)

Әрбір пән(модуль) бойынша меңгерген оқу нәтижелері бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің көлемін сақтау мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жасалған жұмыс оқу бағдарламаларында, теориялық және практикалық оқыту журналдарында көрсетіледі, оларды педагогтер оқу сабақтарының кестесіне қатаң сәйкес жүргізеді, оның толтырылуын бақылауды колледж әкімшілігі жүргізеді. Жыл сайын педагогтердің оқу уақытын есепке алу ведомосы толтырылады.

4.16 Кешкі оқу нысаны үшін міндетті оқу сабақтарының оқу уақытының көлемін кемінде 70 %, сырттай оқу нысаны үшін-күндізгі оқу нысаны үшін көзделген оқу уақытының тиісті көлемінің кемінде 30% сақтау

Тараз темір жол көлігі және коммуникациялар колледжінде оқыту тек күндізгі оқу нысаны бойынша жүргізіледі, колледжде сырттай және кешкі оқу нысаны жоқ.

4.17 Ұлттық біліктілік шеңберінің, салалық біліктілік шеңберінің және кәсіптік стандарттардың дескрипторларымен айқындалатын білім алушылардың даярлық деңгейіне өлшемшарттар

2020-2021 оқу жылы білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар:

Кадрларды даярлау деңгейіне қойылатын талаптар колледждің білім беру бағдарламаларының мазмұны мен білім берудің деңгейіне сәйкес базалық және кәсіби құзыреттіліктермен анықталады.

Білім беру бағдарламалары олардың мазмұнына және білім алушылар даярлығының көзделген біліктілік деңгейіне байланысты мынадай құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған:

1) белгілі бір деңгейде дербес әрекет ете отырып, оқытушының жетекшілігімен жұмыс жүргізу, негізгі базалық білімді қолдану, практикалық тапсырмаларды орындау, нұсқаулықпен берілген алгоритм бойынша іс-әрекет тәсілін таңдау, жұмыс жағдайының шарттарына сәйкес іс-әрекеттерді түзету;

2) қойылған міндеттерге сүйене отырып, белгілі бір еркіндік үлесімен іс-әрекет жүргізу, базалық, жалпы білім беретін және практикаға бағдарланған кәсіби білімді қолдану, стандартты және қарапайым бір типті практикалық міндеттерді шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау, алынған нәтижелерді ескере отырып қызметті түзету;

3) маңызды әлеуметтік және этикалық аспектілерді ескере отырып, басқалардың стандартты жұмысына басшылық жасау, өзінің оқуы мен басқаларды оқытуға жауапты болу, қызметті және практикалық тәжірибені жүзеге асыру үшін кәсіби (практикалық және теориялық) білімді қолдану, жұмыс жағдайын және оның болжамды өзгерістерін дербес талдауды талап ететін кең спектрдің типтік практикалық міндеттерін шешу, қызметті жүзеге асырудың технологиялық жолдарын таңдау, ағымдағы және қорытынды бақылау жүргізу, қызметті бағалау мен түзету.

Оқу орнында білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша білікті жұмысшы кадрларды даярлау бағдарламасы толық аяқталған кезде аралық аттестаттау қорытындылары бойынша нақты мамандық бойынша жұмыс біліктілігін беру;

2) білім алушылар оқытудың даярлық деңгейін аяқтағаннан және қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін орта буын маманының біліктілігін беру;

3) мемлекеттік үлгідегі құжат бере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға арналған арнайы оқу бағдарламасы толық аяқталған кезде нақты мамандық бойынша жұмыс біліктілігін беру рұқсат етіледі.

Модульдік оқыту технологиясы кезінде білім алушылардың дайындық деңгейі базалық және кәсіби құзыреттілікті меңгеруді көздейді.

Базалық құзыреттер мамандықтар үшін әзірленеді және әлеуметтік жауапкершілік, жұмысты ұйымдастыру, жұмыс орнындағы басқа адамдармен өзара қарым-қатынас, сондай-ақ қоршаған ортаға жауапкершілік мәселелерін қозғайды.

Кәсіби құзыреттіліктер жұмыс берушілердің талаптарын және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, кәсіптік стандарттар (бар болған жағдайда) және (немесе) еңбек нарығының функционалдық талдауы негізінде әр біліктілік бойынша әзірленеді.

2021-2022және 2022-2023 оқу жылы білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар:

«Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі» КМҚК-да Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар сақталады. Білім беру бағдарламаларының мазмұнымен, білім беру деңгейіне сәйкес базалық және кәсіптік құзыреттермен айқындалады.

Техникалық және кәсіптік білім берудің оқу жоспарының моделі (техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына 1 қосымша) және «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына сәйкес үлгілік оқу жоспарлары негізінде колледж әзірлеген жұмыс оқу жоспарлары теориялық білімді, практикалық және техникалық дағдыларды қоса алғанда,

білім беру нәтижелерінің барлық спектрін, сондай-ақ әлеуметтік құзыреттіліктерді қамтиды, олар үшін басқа адамдармен ынтымақтастық жасау шешуші болып табылады.

Модульдік білім беру бағдарламасын іске асыру білім беру деңгейлерінің біліктілік шеңберіне және еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Модульдік білім беру бағдарламаларының айрықша ерекшелігі - олар жеке білім беру траекториясын құру, білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін есепке алу мүмкіндігін қарастырады. Оқыту нәтижелері үш санатқа бөлінеді: білім, қабілет және құзыреттілік

Оқу жұмыс жоспарлары ұлттық біліктілік шеңберлерінің, салалық біліктілік шеңберлерінің және кәсіптік стандарттардың дескрипторларына сәйкес келеді және «Талап» КЕАҚ операторының сайтында орналастырылған ТЖКББ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламаларының паспорттарында көрсетілген

Ұлттық біліктілік шеңберінің, салалық біліктілік шеңберінің деңгейлері мамандығы бойынша оқу жұмыс жоспарларының сәйкестігі кестеде келтірілген :

№	Мамандығы	ҰБШ деңгейі	СБШ деңгейі	Кәсіби стандарт (бар болса)
1	07140700 «Темір жол көлігіндегі автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару»	3-4	3-4	«Темір жол станциялары мен аралықтарын сигнализациялау, орталықтандыру және бұғаттау құрылғыларына техникалық қызмет көрсету» «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасарының 2019.12.20 № 256 бұйрығына № 1к қосымша
2	07150300 «Токарлық іс (түрлері бойынша)»	3	3	«Токарлық өңдеу» Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасарының 2019.12.30 № 269 бұйрығына № 2 қосымша
3	07150500 «Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)»	3	3-4	«Электрдоғалы қолмен дәнекерлеу» № 15 қосымша, «Газбен дәнекерлеу» Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасарының 30.12.2019 ж. № 269 бұйрығына №18 қосымша
4	07160500 «Темір жолдардың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»	3	3	«Локомотивтер мен моторвагонды жылжымалы құрамды пайдалану» № 19 қосымша, «Жөндеуден кейін локомотивтердің сапасын тексеруді бақылау» «Атамекен» ҚР ҰКП 20.12.2019ж. №256 бұйрығына №20 қосымша

5	07160600 «Темір жолдың вагондар мен рефрижераторлы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»	3	3-4	"Жүк вагондарын техникалық пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу (станция деңгейі) «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасарының 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 256 бұйрығына № 11 қосымша
6	07221400 «Жиһаз өндірісі»	3	3	«Жиһаз өндірісі» Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасарының 07.12.2018 № 333 бұйрығына № 3 қосымша
7	10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»	3	4	«Тамақтандыруды ұйымдастыру» Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасарының 2018.10.22 № 284 бұйрығына № 2 қосымша
8	10320200 «Төтенше жағдайларда қорғау (бейіні бойынша)»	3	5	«Қауіпті өндірістік объектілерге қызмет көрсету жөніндегі авариялық-құтқару қызметі» Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасарының 2019.12.30 № 270 бұйрығына № 14 қосымша
9	10410200 «Темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару»	3	4	«Темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасарының 2018 жылғы 06.09 № 239 бұйрығына № 8 қосымша

«Тараз темір жол көлік және коммуникация колледжі» КМҚК барлық мамандықтары бойынша бітіруші курс білім алушыларының біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау және жалпы білім беретін пәндер мен кәсіптік модульдерді меңгеру деңгейін бағалау Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

Түлектердің білімін, іскерлігін, дағдылары мен құзыреттерін бақылау білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу кезінде жүзеге асырылады. «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандықтары үшін қорытынды аттестаттау кешенді емтихан түрінде өткізіледі.

4.18 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдерін сақтау өлшемшарттары.

Колледж мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу кезінде ТЖКБ Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын басшылыққа алады .

2020 жылы негізгі орта білім беру базасында ТЖКБ Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес мамандықтар бойынша бөліністе білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдері

Мамандықтың атауы міндетті	Игеру мерзімі	Оқу жүктемесінің көлемі
0508000 "Тамақтандыруды ұйымдастыру	2ж10ай	4320 сағат
1108000" Темір жолдардың жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету " (түрлері бойынша)	2ж10ай	4320 сағат
1109000 "Токарлық іс және металл өңдеу" (түрлері бойынша)	3ж10ай	5760 сағат
1203000 "Темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару"	2ж10ай	4320 сағат
1303000 "Теміржол көлігіндегі Автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару"	2ж10ай	4320 сағат
1403000 "Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдету және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану"	2ж10ай	4320 сағат
1414000 "Жиһаз өндірісі" (түрлері бойынша)	2ж10ай	4320 сағат

«Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2021.07.23 № 362 бұйрығына сәйкес білікті жұмысшы кадрлар мен маман деңгейлері үшін техникалық және кәсіптік білім берудің оқу жоспарының моделі негізінде жұмыс оқу жоспарлары әзірленді (техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына 2-қосымша) 2021 жылдан бастап біліктіліктің күрделілігіне байланысты білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдері өзгертілді.

2021-2022 және 2022-2023 жылдары негізгі орта білім беру базасында ТЖКБ Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес мамандықтар бойынша бөліністе білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдері

Мамандықтың атауы	Игеру мерзімі	Міндетті оқу жүктемесінің көлемі
07140700 "Теміржол көлігінде автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару"	2ж10ай	180 кредит
07150300 "Токарлық іс" (түрлері бойынша)	2ж10ай	180 кредит
07150500 " Дәнекерлеу ісі "(түрлері бойынша)	1ж10ай	120 кредит
07160500" Темір жолдардың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету "	2ж10ай	180 кредит
07221400 "Жиһаз өндірісі"	1ж10ай	120 кредит
10130300 "Тамақтандыруды ұйымдастыру"	1ж10ай	120 кредит
10320200 «Төтенше жағдайларда қорғау»	2ж10ай	180 кредит

07160500 «Темір жолдардың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы бойынша жалпы орта білім беру базасында орта буын маманының біліктілігін игеру мерзімі 10 айды құрайды, міндетті оқу жүктемесінің көлемі 60 кредитті құрайды.

Бір оқу жылындағы міндетті оқу жүктемелерінің жалпы саны 60 кредитті немесе 1440 сағатты құрайды. 1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең.

5. Оқу-материалдық активтер:

5.1. Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.):

Колледжде қажетті ресурстық база бар, оның құрамы мен мазмұны сапалы білім беру қызметтерін көрсету үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді және миссиясы мен стратегиясына, оқу процесінің қажеттіліктеріне және білім беру бағдарламалары бойынша мамандарды даярлау мақсаттарына сәйкес келеді. Колледж 1930 жылы құрылған. Колледжде жалпы ауданы 5180 шаршы метр типтік кешен, 1 спорт залы – 342,3 ш.м, 1 ашық спорт алаңы – 960 ш.м, 1 кітапхана – 179 ш.м, 1 акт залы – 168,7 ш.м. м, 100 орындық жатақхана, ауданы -1660 шаршы метр, 10 жалпы білім беретін, 13 арнайы пәндер кабинеті, 5 зертхана, 4 шеберхана. Жер телімінің жалпы ауданы 4,9 гектарды құрайды Оқу орнының жобалық қуаты 720 орынды құрайды. Ғимарат 2015-2017 жылдарда күрделі жөндеуден өткен. Күрделі жөндеуге бөлінген қаржы көлемі 372193822 теңге құрады. Ғимарат пен кеңселерге ағымдағы жөндеу жұмыстары жыл сайын жүргізіледі. **(5.2.1-қосымша).**

5.2. Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (кабинеттер, лекциялық аудиториялар, практикалық дәрістерге арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу пункттері, санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын раковиналар), білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы):

Колледж Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 07 наурыздағы «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының жабдықтары мен жиһаздарын бекіту туралы» № 97 бұйрығына сәйкес заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған.

Колледждің барлық мамандықтары бейіні бойынша кабинеттермен қамтамасыз етілген. Жыл сайын оқу кабинеттерінің меңгерушілерін тағайындау және оқу кабинеттерінің санитарлық жағдайына жауаптыларды тағайындау туралы бұйрық шығарылады. Аудитория қоры оқу процесінің қажеттілігіне, санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптарға сай. 10 жалпы білім беретін, 13 арнайы пәндер кабинеті, 5 зертхана, 4 шеберхана бар.

Оқу кабинеттері мен зертханалар интерактивті құрал-жабдықтармен жабдықталған. Оқу-өндірістік шеберханаларға: ағаш ұстасы, слесарь, токарлық, дәнекерлеу шеберханалары кіреді. Цехтар практикалық жұмыстарға қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған. Ағаш шеберханасы жұмыс істейтін станоктармен жабдықталған.

2020 жылы «Жас маман» жобасы аясында республикалық бюджеттен 1108000 «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету (түрлері

бойынша)» мамандығы бойынша 172 млн 480 теңгеге 2 оқу тренажері сатып алынды. 2020-2021 оқу жылы «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен оқу жабдықтары (Пневматическалық мылтық -ИЖ-61 -1 дана, Калашников автоматы ММГ-АК-74(оқу автоматы) -1дана,Калашников автоматының ММГ сүңгі пышағы -1 дана сатып алынды. 2020 жылы лингафон,робототехника(әртүрлі электронды құрылғыларды жасау үшін Arduino,монтаждау, демонтаждау жұмыстар жүргізу үшін электр прибор- дәнекерлеу станциялары,LEGO жиынтығы) кабинеттері қажетті жабдықтармен жабдықталды. 1 компьютер класына 15 компьютер, жұмыс барысында қолданылуға 7 моноблок,10 ноутбук, 1 үлкен форматты сенсорлық экранды процессор ,1 проектор,2 принтер алынды. «Дәнекерлеу ісі» мамандығы бойынша оқу тәжірибесіне қажетті дәнекерлеу аппараты,құрал- саймандар, «Жихаз өндірісі», «Токарлық іс» мамандықтары бойынша оқу – тәжірибесіне қажетті материалдар алынды.

2021-2022 оқу жылы «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен оқу жабдықтары (жарықшақты қол гранаттары ММГ-РГД-5- 4 дана, жарықшақты қол гранаттары ММГ-Ф-1 -4 дана. Танкіге қарсы миналар ММГ-ТМ-62М- 2 дана, 5,45 мм АК-74 Калашников автоматының оқтары-50 дана, Қорғаныс плащы ОЗК- 25 дана, дыбыс зорайтқыш-1 дана) сатып алынды.Оқу мақсатында пайдаланылатын жылжымалы тақталар алынды. «Дәнекерлеу ісі», «Жихаз өндірісі», «Токарлық іс» мамандықтары бойынша оқу – тәжірибесіне қажетті материалдар алынды.

2022-2023 оқу жылының басына Биология және биология кабинетінің зертханасы жалпы сомасы 1111,0 мың.теңгеге зертхана жабдықтарымен(оқушы микроскопы-13 дана, оқытушы микроскопы-1 дана, лупа-26 дана,ДНК,РНКмодельдері, микропрепараттар жиынтығы-14дана, электронды таразы-10 дана,стендтер-3 дана) жабдықталды. Дене шынықтыру сабақтарына арналған спорттық құрал-жабдықтар жыл сайын толықтырылып отырады. 2022 жылы жалпы сомасы 375595,56 теңгеге спорттық инвентарьлар сатып алынды.Жұмыс барысында қолданылуға 6 принтер, 6 проектор сатып алынды.Сонымен қатар, «Дәнекерлеу ісі», «Жихаз өндірісі» мамандығы бойынша оқу тәжірибесіне қажетті құрал жабдықтар алынды.

Оқу үдерісін оқу бағдарламасы бойынша ұйымдастыру үшін оқу корпусы ішкі сумен, кәрізмен, дәретханамен қамтамасыз етілген. Ғимаратты жылыту, желдету және ауаны баптау, залды жарықтандыру санитарлық нормаларға сәйкес келеді.

Қауіпсіздікті сақтау мақсатында колледжде сыртқы және ішкі бейнебақылау орнатылған, 44 бақылау камералары жұмыс істейді, бейнелері мониторларда көрсетіледі.Оқу орнындағы өрт қауіпсіздігі және басқа да төтенше жағдайлар кезінде студенттер мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында орнатылған «дабылнүктесі» НурДифенс ЖШС жүйесіне тіркелген, түнгі уақытта, демалыс күндері колледж ғимараты күзет сигнализациясына өткізіледі.Кабинеттерде, кітапханада, оқу залында білім беру интернет-ресурстарына қолжетімділік бар.Е-Gov электронды қызметтерін көрсету кабинеті бар.Колледж аумағында Wi-Fi жұмыс істейді. «Транстелеком» акционерлік қоғамымен 90 Мбит/с кең жолақты интернетпен қамтамасыз ету туралы шарт жасалды **(5.2.2-қосымша)**.

Оқу-материалдық база оқу процесін толық қамтамасыз етеді, сонымен қатар дене шынықтырумен, спортпен айналысуға мүмкіндік береді. Колледжде жалпы ауданы 342,3 м2 спорт залы, қосалқы бөлмелер (киім ілетін, дәретханалар), жуынатын бөлме бар. Спорт залы спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Баскетбол, волейбол алаңдары, теннис үстелдері және басқа да спорт жабдықтары бар. Футбол ойындары мен ашық ауада іс-шаралар өткізу үшін жалпы ауданы 960 шаршы метрді құрайтын ашық жазғы спорт алаңы бар. (17-қосымша)

Асхана 130 орынға есептелген. Асхана электр жарығымен, ыстық және суық сумен қамтамасыз етілген. Қажетті құрал-жабдықтар бар.

Медициналық көмек көрсету үшін медициналық кабинет жабдықталған және жұмыс істейді. Медициналық кабинеттің лицензиясы бар (Лицензия № 21030692 Лицензияның берілген күні 29.10.2021). Қажетті мүлікпен жабдықталуы және жабдықталуы бойынша медициналық қызметті лицензиялау талаптарына сәйкес келеді. **(5.2.3-қосымша)**.

Колледжде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін пандустар жабдықталған ,негізгі ғимарат пен жатақханаға кірер алдында және ғимарат ішінде тұтқалар, тактильді бағыттағыштар

бар. Арнайы көрсеткіштер мен қол жетімділік белгілері бар. Ғимараттың кіреберісінде қызметкерлерді шақыру үшін қоңырау бар. Барлық оқу кабинеттерінде ыңғайлы болу үшін кеңейтілген есіктер бар. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған санитарлық-тұрмыстық жағдайлар қажетті талаптарға сәйкес келеді.

Колледждің аумағында орналасқан Жатақхана-жалпы ауданы 1660,2 шаршы метр болатын үш қабатты типтік ғимарат.м 100 орынға есептелген. Әр бөлме 2 адамға арналған. Барлық бөлмелер қажетті жиһаздармен жабдықталған. Әр қабатта душ, дәретхана, кір жуатын орын, кептіргіш , білім алушылардың демалатын бөлмелері бар. Ас үйде тамақ дайындауға және тамақтандыруға арналған барлық қажетті жабдықтар бар. Жатақханада демалыс бөлмелері жабдықталған, өз кітапханасы бар.

Жабдық пен бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу қажеттілігін мамандықтар бойынша пәндік цикл жетекшілері анықтайды. Материалдық-техникалық базаны дамыту мәселелері директордың қатысуымен өтетін отырыстарда жүйелі түрде қаралады, қабылданған шешімдерді шаруашылық қызмет және мемлекеттік сатып алу маманы, материалдық есепші орындайды.(5.2.4 қосымша)

6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

6.1. Білім алушылар контингентіне қатысты жұмыс оқу жоспарына сәйкес, оның ішінде оқыту тілдері бойынша, мамандықтың дайындалатын біліктіліктері бойынша оқудың толық кезеңіне арналған оқу және ғылыми әдебиеттердің кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер:

Колледж кітапханасында студенттерге оқу-әдістемелік әдебиеттермен қағаз және электронды тасымалдағыштарда қолжетімділік қамтамасыз етілген.

2020-2021 оқу жылы жалпы кітап қоры -35642 дана,оның ішінде жалпы білім беру пәндері-12235 дана, арнайы және кәсіби пәндер-8038 дана, ғылыми 2864 дана, көркем әдебиет- 12293 дана, электрондық оқулық – 212 дана.Жалпы және арнайы пән оқулықтары, барлығы -20273 дана.

2020 жылдың 18 қарашасында кітапхана қорынан мазмұны оқу процесіне сәйкес келмей ескіруіне байланысты 7594 дана оқулықтар кітапхана есебінен шығарылды.

2020-2021 оқу жылында жаңартылған білім беру бағдарламасының жалпы білім беру пәндері бойынша 2575 дана оқулықтар сатып алынды.

2021-2022 оқу жылы жалпы кітап қоры - 30623 дана, оның ішінде жалпы білім беру пәндері-7170 дана, арнайы 8038, ғылыми 2910 дана, көркем әдебиет- 12293 дана, электрондық оқулық – 8812 дана. Жалпы және арнайы пән оқулықтары, барлығы -15208 дана.

2021-2022 оқу жылына жаңартылған білім беру бағдарламасының жалпы білім беру пәндері бойынша 16 атаумен 280 дана оқулықтар 442323 теңге қаражатқа сатып алынды.

2021-2022 оқу жылы ақылы топ ақша қаражаты есебінен теміржол саласы мамандықтары бойынша 37 атаумен 2230 арнайы пән бойынша оқулықтар және 216 атаумен 8600 электронды оқулықтар алынды.

2022-2023 оқу жылы I-жартыжылдығында жалпы кітап қоры 42111 дананы құрайды, оның ішінде жалпы білім беретін пән оқулықтар саны 7458 дана, арнайы пән-10268дана,кәсіптік,ғылыми әдебиеттер-2938 дана, көркем әдебиеттер,- 12635 дана, электронды оқулықтар 8812дана(оның ішінде 2087дана қазақ тілінде). 2022-2023 оқу жылының I-жарты жылдығында студенттердің оқу сауаттылығын арттыру мақсатында 2022 жылғы 02 мамырдағы «Оқуға құштар колледж» тұжырымдамасы және 2022-2025 жылдарға арналған Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шараларды өткізу жоспары аясында 1235,864 мың. теңге қаражатқа барлығы 378 дана кітап(қазақ және орыс тілінде) алынды,оның ішінде 18 дана ғылыми басылым,18дана оқулық, 342 дана көркем әдебиеттер.

Кітапханада оқырмандық және кәсіби қызығушылықты қанағаттандыруға, өз бетінше білім алуға барлық жағдай жасалған. Мерзімді басылымдарды алуға ерекше көңіл бөлінеді. Кітапхана

2020-2021 оқу жылы 21 атаумен(газет-11(8-қазақ тілінде,3- орыс тілінде), журналдар- 10 (7- қазақ тілінде,3- орыс тілінде)мерзімді басылымдарға жазылды. 2021-2022 оқу жылы 24 атаумен(газет-12(9-қазақ тілінде,3- орыс тілінде), журналдар- 12 (10- қазақ тілінде,2- орыс тілінде)мерзімді басылымдарға жазылды. Кітапхана 2022-2023 оқу жылында 24 мерзімді басылымға жазылады, оның 16-сы мемлекеттік тілде.

Ресурстарды дамытудың стратегиялық басымдықтары компьютерлік техникамен, электрондық және қағаз тасымалдағыштарда оқу әдебиетімен қамтамасыз ету, инфрақұрылымды дамыту болып табылады.

6.2.Компьютерлік сыныптармен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен жарақтандыру туралы мәліметтер.

2020-2021 оқу жылында компьютерлік сыныптар мен ақпараттық технология құрылғыларымен жабдықталған:

№214, 215 Информатика кабинеттері, Office бағдарламасының жұмысы, объектілі-бағытты бағдарламалау негіздері, интернет технологиясы және Web-бағдарламалау - 1 интерактив тақтасымен, 1 проектормен, 1 принтер, 30 компьютер жабдығымен жабдықталған, компьютерлер локальды желімен қамтамасыз етілген.

№210 Шет тілі (лингфон) кабинеті, шет тілдерін оқыту үдерісінде жасанды шет тілдік орта құру – 1 интерактивті тақтасымен, 1 проектор, 18 ноутбук наушнигімен локальды желімен wi-fi желісімен қамтамасыз етілген.

Робототехника кабинеті, механика, электроника, бағдарламалау технологияларын интеграциялау - 1 интерактивті тақтасымен, 1 проектор, 5 ноутбук локальды желімен wi-fi желісімен қамтамасыз етілген.

Колледж кітапханасы, кешенді кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетуді ұйымдастыру – 2 ноутбук wi-fi желісімен қамтамасыз етілген, 1 компьютер жабдығымен жабдықталған,2 принтер.

Жатақхана кітапханасы, кітапханалық-ақпараттық қызметке қолжетімділік – 1 ноутбук, 1 компьютер жабдығымен, 1 принтер, локальды интернет желісіне қосылған.

№105 Орыс тілі және әдебиеті кабинеті, орыс тілі мен әдебиетін оқытудың тиімділігін арттыру – 1 проекциялық экран, 1 проектор, 1 принтер, 1 компьютер жабдықтарымен жабдықталған.

№111- Химия және химия зертханасы, химия оқытудың тиімділігін арттыру - 1 проекциялық экран, 1 проектор, 1 компьютер жабдықтарымен жабдықталған.

№203 Темір жолдарды техникалық пайдалану және қозғалыс қауіпсіздігі, арнайы пән кабинеті - 1 проектор, 1 компьютер жабдықтарымен жабдықталған.

№204 Тарих кабинеті, тарихты оқытудың тиімділігін арттыру - 1 интерактивті тақтасымен, 1 проектор, 1 компьютер жабдықтарымен жабдықталған.

№205 Қазақ тілі және әдебиеті кабинеті, қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытудың тиімділігін арттыру - 1 проекциялық экран, 1 проектор, 1 компьютер жабдықтарымен жабдықталған.

№205 Физика және физика зертханасы, физиканы оқытудың тиімділігін арттыру - 1 проекциялық экран, 1 проектор, 1 принтер, 1 компьютер жабдықтарымен жабдықталған.

№209 Математика кабинеті, математика оқытудың тиімділігін арттыру – 1 интерактивті тақтасымен, 1 проектор, 1 компьютер жабдықтарымен жабдықталған

№212 ББОБ құрылғыларын жинақтау, қалыптау, техникалық қызмет көрсету кабинеті, пойыздар қозғалысын реттеу және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолданылатын ақпараттық-технологиялық құрылғылар жиынтығы - 1 интерактив тақтасымен, 1 проектормен, 1 ноутбук жабдығымен жабдықталған, wi-fi интернет желісіне қосылған.

«Ұлттық рухани жаңғыру» кабинеті, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қоғамның рухани-адамгершілік дамуының өзектілігін айқындайтын іс-шаралар өткізу мақсатында – 1 проектор, 1 интерактив тақтасы, 1 ноутбукпен жабдықталған.

Конференция залы, тікелей эфирде өткізілетін іс-шаралар ұйымдастыру мақсатында – 1 үлкен форматты сенсорлық экранды процессор.

Акт залы, үлкен жиын, іс-шаралар өткізу мақсатында – 1 проектор, 1 ноутбук, 1 проекциялық экранмен жабдықталған.

